

# АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№6  
(928)

Бейсенбі, 11 ақпан 2016 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

Қазақстан Тәуелсіздігіне – 25 жыл

## Тәуелсіздік - мектеп өмірінде...



*Атыңнан айналайын, егемен ел  
Тәуелсіз күнің туды кеңеле бер.  
Мерейің құтты болсын, Тәуелсіздігі!  
Ғасырдың тойы болып өлшене бер – деп,  
өлең жолдарында өрілгендей, биылғы 2016 жыл  
еліміздің Тәуелсіздік алғанына 25 жыл толуымен  
ерекшеленбек.*

Осыған орай жылымыздың он екі айына тағайындалған тақырыптар бойынша атқарар істеріміз басталып та кетті. Бұл тақырыптар: Қаңтар айы - «Кәсіби-эффективті мемлекет»; Ақпан айы - «Ұлт денсаулығы – Спорттық Қазақстан»; Наурыз айы - «Ұлы даланың дәстүрі»; Сәуір айы - «Интеллектуалды ұлт – нұрлы болашақ»; Мамыр айы - «Достық, келісім»; Маусым айы - «Мемлекеттік нысандар»; Шілде айы - «Астана. Туған өлкем. Жаңа патриоттық Қазақстан»; Тамыз айы - «Қазақстан – бітімгерлік»; Қыркүйек айы - «Еңбек. Отбасы»; Қазан айы - «Мәңгілік мұра»; Қараша айы - «Индустриалды және инновациялы Қазақстан»; Желтоқсан айы - «Тәуелсіз Қазақстан».

«Кәсіби-эффективті мемлекет» тақырыбы бойынша қаңтар айында мектебімізде «Менің Отаным» тақырыбында ағылшын, орыс тілдерінде эссе, «Менің Қазақстаным» атты қылқалам шеберлерінің байқаулары болып өтті. Көптеген оқушыларымыз өз еліне деген сөзімдерін көркемөнер арқылы бейнелі көрсете алып, жүлдегерлер атанды. «Жарқын болашақ – KATEV» олимпиадасында оқушыларымыз Есматова Аружан, Төлеуов Аян, Нәжменов Айдың, Асқар Дархандар жүлделі ІІ, ІІІ орындарға қол жеткізді. Облыстық «Демеу» балалар мәселелерін үйлестіру орталығы ұйымдастырған «Үздік сынып» байқауына А.Е.Әшербекова жетекшілік ететін 10 «Б»-сынып оқушылары барып қатысып, «Үздік сынып» және «Үздік сынып жетекші» аталымында І орын иеленді. Оқушыларымыз аудандық «Жайдарман – 2016» КТК ойындарының да белді мүшелері. Жуырда ғана өткен оқушылардың аудандық «Мәңгілік Ел» шығармашылық байқауында 10-сынып оқушысы Есматова Аружан І орын тұғырынан көріне білді. Ақпан айы ұлт денсаулығына арналғаннан кейін мектеп оқушылары, ұстаздар, ата-аналар әр түрлі спорттық сайыстарға қатыстырылмақ. Әр күні сыныптар «Алға, Қазақстан» әнімен 3-4 минуттық флешмоб билейді. Отбасылық спорттық байқауларды дене шынықтыру пәні мұғалімдері өткізеді. Алдағы уақыттағы да іс-шараларға ұстаздар мен оқушылар ұжымы белсенді тартылуы қарастырылып, жоспарланды.

Елбасымыз 30 қарашада Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан жаңа жаһандық ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Жолдауында: «Санаулы күндерден кейін біз азаттық туын желбіретіп, Тәуелсіз мемлекет атанғанымыздың 25 жылдығына аяқ басамыз. Бұл – тәуелсіздікті нығайту жолындағы өлшеусіз еңбегіміздің ширек ғасырлық белесін қорытындылайтын мерейлі сәт» деген болатын.

Ендеше, осы 25 жыл ішіндегі еліміздің жеткен жетістіктері ауыз толтырып айтарлықтай. Ол туралы жазылып та, айтылып та келеді. Еліміз «Мәңгілік Ел» атануы жолында әр өз елін сүйер азамат, азаматша бүгінгі күні «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асыруға атсалысып, қолдай білейік! Алдымызда отырған ұлт болашағы – жастарды білімді, еңбекқор, жаңалыққа жаны құмар ету де біздің қолымызда.

**Мендігүл ОЛЖАБАЕВА,**  
Саумалкөл қазақ ОМ-нің директоры,  
аудандық мәслихаттың депутаты.

Аудандық мәслихатта

## Қоғамдық кеңестің құрамы бекітілді

Ақпанның 5-і күні аудандық мәслихаттың депутаты **Сергей Пономаренконың** төрағалығымен аудандық мәслихаттың бесінші шақырылымдағы XXXXVI кезектен тыс сессиясы болып өтті.

Сессияның күн тәртібінде аудандық мәслихаттың хатшысы Раушан Тлеубаеваның «Айыртау ауданының қоғамдық кеңесі туралы» Ережесін және оның құрамын бекіту туралы ақпараты ұсынылды. Халық қалаулылары бірауыздан Айыртау ауданының қоғамдық кеңесінің құрамына Р.Тлеубаеваны, Ж.Жүсіповті, Н.Шатқоны, Б.Ахметжановты, А.Әбілқайыровты, Б.Рақымовты, Ж.Жанқарашеваны, С.Адамованы, И.Бурковскаяны, Н.Терещенконы және Е.Нұрбахтиновтарды сайлап алды.

Сонан соң сессия жұмысында депутаттар 2014 жылғы 11 сәуірдегі «Айыртау ауданының округтік және учаскелік сайлау комиссияларының жаңа құрамын сайлау туралы» шешіміне өзгерістер енгізді.

Өз хабарымыз.

### Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті басшылығының азаматтарды қабылдау кестесі

- 1.Тұрсынбаев Ғалым Сұлтанұлы – Департамент басшысы, әр аптаның бейсенбі күндері сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін.
  - 2.Зайцева Светлана Николаевна – басшының орынбасары, әр аптаның дүйсенбі күндері сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін.
  - 3.Жұмабаев Жанат Жеңісұлы – басшының орынбасары, әр аптаның жұма күндері сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін.
- Мекенжайы: Петропавл қ., Қазақстан Конституциясы көшесі, 38.  
Анықтама телефоны: 8(7152) 36-10-81.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті Арықбалық ауылдық округінің тұрғындары!

2016 жылдың 17 ақпаны күні сағат 16.00-де Арықбалық ауылының Мәдениет үйінде Айыртау ауданының прокуроры Болат Жаңбырбайұлы Бәйменов азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдайды. Сонымен қатар аудан прокуроры округ тұрғындарымен де жиын өткізеді.

Айыртау ауданының прокуратурасы.

Әкім - әлеумет алдында

## Көтерілген мәселелер шешімін табуда

Бекітілген кестеге сәйкес өткен аптада аудан әкімі Ағзам Тастеміровтің тұрғындар алдындағы кезекті есепті кездесуі Нижнеборлық ауылдық округінде жалғасты.



Аталмыш округ аумағында 1024 адам тұрады. Ауыл шаруашылығы саласында «Бабық Борлық» ЖШС-і, 4 кәсіпкерге несие берілді. Сонымен қатар 15 шағын кәсіпкерлік нысандары халыққа қызмет көрсетеді. «Бабық Борлық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі дөңді және майлы дақылдарды өсіріумен, мал шаруашылығын дамытумен айналысады. Сондай-ақ округте бір орта мектеп, мектепке дейінгі білім мен тәрбие берумен «Балдырған» бала бақшасы айналысады. Округте денсаулық сақтау мекемесі мен екі кітапхана және қоғамдық моңша жұмыс істейді.

Округте болған аудан басшысы ең алдымен денсаулық сақтау мекемесінде болып, дәрі-дәрмектің түрлерімен және оның бағасына да көңіл бөлді. Сонан соң Ағзам Ахметжанұлы ауылдағы азық-түлік дүкендерінде болып, ондағы азық-түлік бағаларын да байқады.

Тұрғындар алдында аталмыш округтің әкімі Мұратбек Жүсіпов өткен жылдың қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстары жөнінде есеп беріп, 2016 жылдың басты жоспарларына да шолу жасады.

Нижнеборлық ауылдық округі тұрғындары алдында есеп берген аудан басшысы 2015 жылдағы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына көңінен тоқтала келе, биылғы жылдағы ауқымды бағыттарды саралап берді.

Жыл сайынғы Елбасы Жарлығына орай барлық деңгейдегі әкімдердің халық алдында атқарылған жұмыстары туралы және алдағы жоспарлары жайлы есепті кездесулері – бұл халық пен билік өкілдерінің ашық сұхбаты. Осындай ашық сұхбатта атқарылған жұмыстарға баға беріліп, тұрғындар өздерінің көңілдегі мәселелерінің шешу жолдарын саралайды. Және де халықпен бірлесе алдағы кезеңдердегі атқарылар жұмыстар жоспарланып, оның жүзеге асырылулары бақылауға алынады.

Осындай ашық кездесуде аудан басшысы тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелердің оң шешімін табатынын жеткізді.

**Келесі ақпанның 3-і күні аудан әкімі Ағзам Тастеміровтің тұрғындар алдындағы кезекті есепті кездесуі Лобаново және Имантау ауылдық округтерінде жалғасты.**

Округ тұрғындары назарына Лобаново ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы Наталья Мартынованың өткен 2015 жылғы округтің әлеуметтік-экономикалық дамуы және алдағы жоспарлары жөніндегі баяндамасы тыңдалды.

Содан кейін аудан әкімі Ағзам Тастеміров аталмыш округтің тұрғындары алдында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары және 2016 жылға арналған басым бағыттары жөнінде есеп берді.

Есепті баяндамасынан кейін Ағзам Ахметжанұлы Елбасы Жолдауларындағы нақты тапсырмаларды саралай келе, округ тұрғындары мен ауыл шаруашылығы тауарлары өндірушілерін мемлекеттік бағдарламаларға белсене қатынасуға шақырды.

Кездесу барысында лобандықтар тарапынан аудан басшысына ауыл клубының жағдайы, ауыз су сапасын жақсарту үшін су құбыры жүйесіне сүзгі қондырғысын орнату, қысқы және жазғы уақыттарда жолдарды күтіп ұстау, жеңілдетілген дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мәселелері көтерілді. Барлық мәселелер бойынша аудан басшысымен тіксі жауаптар берілді.

**Осы күні түстен кейін аудан әкімінің тұрғындар алдындағы есепті кездесуі Имантау ауылдық округінде**

өтті. Кездесуге Қазақстан Республикасының Президенті әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы Берік Жәкенов және Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының басшысы Мадияр Қожахмет қатысты.

Тұрғындарға ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы жайында шағын бейнефильм көрсетілісімен Имантау ауылдық округінің әкімі Любовь Сердюк округтің 2015 жылдағы атқарылған ауқымды жұмыстары жөнінде есеп беріп, биылғы жылдағы жоспарларымен де бөлісті.

Имантау ауылында гүл және көкөніс көшеттерін өсіру кәсібі қарқынды дамуда. 2015 жылы 100 ден астам жылыжай жұмыс істеді, ал 2016 жылы бұл санды 150 дейін көтеруді жоспарлап отыр. Көшеттерді сату тек біздің Солтүстік Қазақстан облысы ішінде ғана шектеліп қалмай, одан басқа Ақмола облысының Көкшетау, Астана қалалары, ал 2011 жылдан бері Алматы қаласына да сатылып жатыр.

«Hairun-Agro» ЖШС жыл бойы жұмыс істейтін көкөніс өсіру жылыжайларын салуды жоспарлап отыр, бұл қосымша жұмыс орындарын ашуға жол береді. Осы кәсіптің дамуына өзінің үлесін ертүрлі деңгейдегі банктер қосты, соның ішінде қазіргі уақытта да жұмысын жалғастырып жатқан КМФ Банкімен 2015 жылы жылыжай шаруашылығымен айналысатын 40 кәсіпкерге несие берілді. Сонымен қатар омарташылықты атап өтуге болады. Қазіргі уақытта 50 ге жуық отбасы ара



балын өңдеп, тек өз отбасына ғана емес, оны сатып пайда табуда.

2016 жылда округ аумағында «Баймағамбетов» ЖК демалыс орталығын салуды, «Самолазова» ЖК ойын-сауық орталығын ашуды, «Hairun-Agro» ЖШС көкөніс қоймасымен жылыжай цехын салуды, балық және ет өнімдерінің цехын, шағын маркет, әлеуметтік дәріхана, аялдама павильонын салу, кәсіпкер, ауыл тумасы Рәшит Кузахметов Имантау ауылында 60 орынға балабақша салуды, «Эдельвейс» ЖШС-і 30 орынды жатын корпусы мен 20 жазғы үйлер кешенінің құрылысын жоспарлауда.

Аудан әкімі өзінің тұрғындар алдындағы есепті баяндамасында 2015 жылғы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының басты көрсеткіштеріне көңінен тоқталып өтсе, баяндама барысында Имантау ауылының әлеуметтік дамуына сүбелі үлес қосып отырған ауданның Құрметті азаматы, жеке кәсіпкер Рәшит Кузахметовке алғысын жеткізді. Сонымен қатар аудан басшысы ауданның 2016 жылға арналған басым бағыттарын да тұрғындар назарынан тыс қалдырмады.

Округ тұрғындары да соңғы жылдарда ауылдарының көрі аяқталуына түскенін де жасырмады.

**Аптаның соңғы жұма күні аудан әкімінің есепті кездесуі Арықбалық ауылдық округі тұрғындары алдында жалғасты.**

Арықбалық ауылдық округінің әкімі Қалымтай Шаралов өткен жылдағы округтің атқарылған ауқымды жұмыстарын халыққа жеткізе, аудан басшысы өз есебінде 2015 жылда аудан бойынша атқарылған жұмыстарын қорытындылады.

Кездесу соңында Ағзам Ахметжанұлы арықбалықтықтарды ауылды абаттандыру мәселесіне және мемлекеттік бағдарламаларға қатысуға шақырса, тұрғындар тарапынан ауыз судың сапасы, қысқы уақытта жолдарды күтіп ұстау, орталық аудандық аурухананың зертханасында халыққа қызмет көрсету, Интернет және пошта байланыстарының сапасы жөніндегі ұсыныстары көтерілді.

Аудан әкімі жоғарыдағы аталған ауыл тұрғындарының етініштеріне тиісті жауаптарын берді.

Өз хабарымыз.  
Суреттерді түсірген  
Ирина БУРКОВСКАЯ.

Елбасы Жолдауы: нақты іс-әрекеттер жоспары

## Келешекке кемел сеніммен

Елбасының кезекті «Қазақстан жаңа жаһандық ахуалды: өсім, реформалар, даму» атты Жолдауы - халқымыздың әл-ауқатын нығайтуға арналған нық та сенімді жасалған тағы бір нақты қадамы. Заманның беталысына қарай межелерді белгілеп, жоспарларды жөндеп отыратын Нұрсұлтан Әбішұлы жаңа қатерлері мен тың мүмкіндіктері қатар өрбіген жаңа жаһандық нақты ахуалда дамудың басты бағыттарын айқындап берді.

«Дағдарыстардың бәрі өткінші, өтеді де кетеді. Ел тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты ұлы құндылықтар ғана мәңгі»-деген Елбасы сөзін ерқайсымыз жүрегімізге жылы ұялаттық. Нұрсұлтан атамыздай көрегенді Елбасы барда Ел еңсесі түспейтініне біз сенімдіміз. Тұңғыш Президентіміз жастарға мол сенім, зор үміт артады. Елбасы сенімін ақтау- әр жеткіншек міндеті. Өйткені, біз үшін барлық жағдайлар толық жасалған, Ел тыныш. Сол тыныштығымыздың мәңгі, түтініміздің түзу шығуы жолында Ел тізгінін ұстар азамат болып шығуымыз үшін ұстаздарымыз берген білім, тәрбиемен қаруландуамыз.

Елбасымыз жариялаған Жолдау межелерін жүзеге асыруда тұтастай ауызбіршілік пен жауапкершілік өте қажет екендігін де ұстаздарымыз Бауыржан Қайыржанұлының ұйымдастырған «Елбасы Жолдауы – ел мұраты» атты конференциядан, кітапханашы апайымыз Сарбиназ Байбатырқызының «Келешекке сеніммен!» тақырыбында өткізген ақпараттық сағаттан, сынып жетекшіміз Алмагүл Қаратайқызының өткізген «Қасиетті мекенім-Қазақстан!» тақырыбындағы ойталқыдан терең ұғына түстік. Біз де Елбасы Жолдауын насихаттау бойынша бұрыштамалар жасап, өз арамызда ақпараттық-насихаттық топтар құрып, ата-аналарымызға түсіндіру жұмыстарын үйлестірдік.

Әлішер СӘЛІМГЕРЕЕВ,  
Бірлестік ОМ-нің  
10 сынып оқушысы.

Сайлау - 2016

## Халықтың Парламентке деген сенімін арттыру



Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды аңсаймыз. Қазақстан Республикасы – демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет, оның ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Республика қызметінің түбейгелі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм. Мемлекеттік биліктің бірден – бір бастауы – халық. Халық билікті тікелей еркін сайлау арқылы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 49 – бабында Парламент-Қазақстан Республикасының заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғарғы өкілді органы деп жазылған. Қазақстан Республикасы Конституциясының 63-бабына сәйкес, Республика Президенті Парламент палаталары төрағаларымен және Премьер-Министрмен консультациялардан кейін Парламентті немесе Парламент Мәжілісін тарата алады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 51-бабына сәйкес, Парламент немесе Парламент Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауы тиісінше Парламент немесе Парламент Мәжілісінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап екі ай ішінде өткізіледі.

Барлық азаматтарды біздің ортақ мүддеміз бен ортақ мақсатымыз үшін, біздің ортақ Отанымыз – Қазақстанның өсіп-өркендеуі жолындағы Парламент сайлауын және барлық деңгейдегі мәслихаттар сайлауын мерзімінен бұрын өткізу туралы ұсынысты қолдауға шақырамыз.

Самал АЛДАҒАРОВА,  
Айыртау аудандық  
сотының бас маманы.

Ұлт денсаулығы. Спорттық Қазақстан

## Жарыс алаңында - шаңғышылар

Өткен аптаның демалыс күндері ауа-райының жылымығына қарамастан №2 Саумалкөл мектеп-гимназиясы маңындағы шаңғы алаңында Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орайластырылған спорттық шараға айыртаулық жас өрімдер мен ауданның мемлекеттік қызметшілері және мемлекеттік ұйымдар мен мекемелердің қызметкерлері көптеп жиналды.



Мұндағы мақсат — қысқы спорт түрлерін дамытып, жұртшылықты салауатты өмір салтын ұстануға шақыру.

Шараның салтанатты ашылу рәсімінде аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров Елбасы өзі бұқаралық спортты қолдау керектігін ұдайы айтаатының дені сау ұрпақ мемлекеттің басты байлығы екенін тілге тиек етіп, жарысқа қатысушыларға сайыста сәттілік тіледі.

Солтүстік Қазастан облысының әкімі Ерік Хамзаұлы Сұлтановтың тікелей тапсырмасымен ауданымызда жыл сайын хоккей алаңдары ашылып, мектеп оқушыларының қысқы спорт түрімен ұдайы шұғылдануы үшін спорттық киімдер мен қажетті құралдар сатып алынуда.

Жарыстың алғашқы легінде аудан орталығындағы Саумалкөл қазақ және №1 Саумалкөл орта мектептерінің, №2 Саумалкөл мектеп-гимназиясының және Балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт мектебінің оқушылары төрт те төрт эстафетасымен бақ сынасты. Жарыстың қорытындысында спорт мектебінің шаңғышылары жеңіс мәресіне бірінші болып келді. Одан кейін эстафетада екінші болып №2 Саумалкөл мектеп-гимназиясы және үшінші болып Саумалкөл қазақ

Бала шақтан болашаққа

## Өмірге құштарлығы аласармаған



Абай Бөлекбайұлы Тасболатов 1951 жылғы 21 қыркүйекте туған Алматы жоғары жалпы әскери командалық училищені, М.В. Фрунзе атындағы Әскери академиясын, Ресей Федерациясының Бас штабы Әскери академиясының Жоғары академиялық курсын бітірген Әскери атағы - генерал-лейтенант. Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, Ресей Федерациясы Әскери ғылымдар академиясының толық мүшесі.

**«Адам бол келдім өмірге, адам бол кету – арманым» деген екен Абай атамыз. Сол адалдықтың туын желбіретіп жүрген ер-азаматтардан қазақ кенде болған емес. Ұлы Абайдай болмаса да, әр қазақ өзінше «болмаса да, ұқсап бақсын» деген ниетпен ұрпағына Хакімнің есімін берген. Сол атты қадір тұтып, жоғарыда айтқанымыздай, «құқсап бағып» жүрген менің кейіпкерімнің өмірге деген құштарлығы барлық қиыншылығынан биік тұрды. Бүгінде «арғымақ атқа мінген, бірақ ата-жұртынан айырылмаған» Абай Тасболатовтың өмірін өз қанар бастауынан, яғни балалық шағынан бастап әңгімелесек деп е...**

**БАЛАЛЫҚ БАЗАРЫ ЕРТЕ ТАРҚАҒАН...**

Абайға «Абай» деп есім берген Майлыбай атасы небәрі 4 айлығында сөбиді өз бауырына алған. Ата-анадан туған жалғыз баланың ата-әжесі өз жөндерімен кеткен әкешенің орнын алмастырды. Осы немересіне келгенде ата-әже көңілі риясыз еді. Ес біліп, өтек-жеңін жиғанша ата-әжесін әкесі мен шешесі деп ойлап келген алаңсыз бала көңіл 14 жасқа келгенде сөңдей бұзылды. Алайда, ол болары болып, бояуы сіңген дүниеге қайта оралуды аса жөн көрмейді. Ол өз құлағымен естігенге қапаланбады, керісінше әке орнына әке болып, ана орнына ана болған атасы мен әжесінің сол кезде барына әрі солардың тәрбиесін көргеніне бүгінде аса қуанышпен еске алады.

Бала Абай 6 жасқа келгенде атасы о дүниеге аттанып кете барады. Әжесімен қалған Абайдың бала болып есірер кезі емес еді. Балалық базары ерте тарқаған кейіпкерім сол 6 жасынан бастап қара жұмысқа араласты.

- Қора-жайымызда 3-4 қойымыз бен бір сиырымыз бар. 5 жасар бала болсам да, малды сұғару, шөп-жемін беру, қора-қопсықты тазалау менің мойнымда еді. Әлі есімде, өзіміздің үйде құдық жоқ. Амалсыз, дядя Яшаның үйіне барып, су әкелетінмін. Ол құдықтан су алудың өзі қиямет еді. Суды алып, апарған үлкен шелегіңді шанаға салып аласың. Үйге жеткенше оның жартысы төгіліп қалады. Апарған суыңның жартысын малға құясың, ол жетпейді. Қайтадан шанаңды сүйреп кететіңсің, - деп, күле еске алды Абай Бөлекбайұлы.

**ЕСТІ ТЕНТЕК**

Абайдың бір сүйенері – әжесі ғана. Ақыл айтып, жөнге салатыны да сол Кітапханаға барып, әскери кітаптардың бетін парақтап отырып оқудан ләззат алған бала Абайға әжесі «негізгі сабақтарыңды оқи жүр» деп жиі айтатын. Балалығының ырқында жүріп, менің кейіпкерімнің қисық-қыңыр кеткен кездері болмады емес, болды. Күндердің күнінде әжесі айтқан «негізгі сабағына» дайындалмаған оқушы Абай «өкілік баға аламын ғой» деп, таңертең сабаққа кеткендей кейіп танытып, мектепке бармай, бақшадан сая

орта мектебінің оқушы-шаңғышылары келді.

Ересектер арасында өткен шаңғы жарыс ерлер мен әйелдер арасында 20-29 жас, 30-39 жас, 40-49 жас және 50-59 жас аралығында ұйымдастырылды.

Алғаш болып әйелдер арасында жарысқа шыққан 40-49 жас және 50-59 жас аралығында мәре сызығына бірінші болып Солтүстік Қазақстан облысының мәре сызығын Валентина Наймангаева (Айыртау мектеп-интернаты), Ольга Буторина (Айыртау мектеп-интернаты), Ирина Бурковская («Айыртау-Информ» ЖШС), Туғанай Бейсембаева (ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімі) және Мафруза Науановалар (аудан әкімінің аппараты) кесіп өтті.

Ал 20-29 жас және 30-39 жас аралығындағы әйелдер жарысын-

да бірінші орынға Светлана Топчий (№1 Саумалкөл ОМ) мен Наталья Иванова (Айыртау мектеп-интернаты) ие болса, күміс жүлде Людмила Бександаева (ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі) мен Ольга Сафроноваға (Айыртау мектеп-интернаты) бұйырды, ал қола жүлдені Бақытгүл Омарова (Айыртау мектеп-интернаты) мен Гүлжанат Сұлтанғалиевалар (Саумалкөл қазақ ОМ) бөлісті.

50-59 жас аралығында өткен ерлер арасындағы жарыста аудан әкімі Ағзам Тастеміров мәреге бірінші болып жетсе, одан кейін ауданның білім бөлімінің басшысы Сайрамбек Жақыпов екінші және үшінші болып Саумалкөл қазақ орта мектебінің мұғалімі Жұмағазы Садықовтар болды. Ал 40-49 жас арасында бірінші орын Есім Хасеинов («Родничок» балабақшасы), екінші бо-лып Аманбек Махметов (аудан әкімінің

тапқан Алайда, бұл ісі әжесінің құлағына жеткен. Сабақтан қайтар уақытта Абай сөмкесін асынып үйге келгенде «Сй, жайрап қалғыр!» деген әжесінің дауысын естиді. Артынша әжесінің істеген қылығынан хабардар екенін түсінеді. Есті тентек саңылаусыз емес еді. Санасында сәулесі бар Абай содан кейін мұндай әрекетін қайтып қайталаған емес.

**ЕСІЛДІ АҢСАЙТЫНЫМ**

Оқу мерзімі аяқталып, жазғы демалысқа шыққанымен арқасын кенге салмай, ақылды жұмысты істейтін Абайдың өз мақсаты бар еді. «Қыстың қамын жаз, жаздың қамын қыс ойла» демей ме?! Бала 4-сыныптан бастап, мектепке киетін форманы сатып алу үшін ақы пұлға еңбектенеді. Таңмен таласа оянып, күн көшкіргенде үйіне сүріне-қабына жетсе-дағы Есілдің суына бір малынып шықпаса көңілі еш көншімейтін.

- Аламның (әжесі) табатыны – сол кезде он екі-ақ рубль. Мектеп киімін алу үшін таңнан кешке дейін жұмыс істейсін. Күні бойына талғажау ететінің бір бөтелке шай, не сүт, со-сын бір немесе екі жұмыртқа болды. Осыны қанағат етесін. Төрлеп-төпшіп тапқан еңбекақың – 20-25 рубль. Алатын киімің жоқ дегенде 15-20 рубль тұрады. Қалған ақшаңа бөтенке аласың. Дене шынықтыруға киетін трико керек. Оның өзі кейде жоқ боп қалады. Бала болып ойнау мен үшін арман еді. Кешкінін шаршап келсем де, Есілге қарай жүгіретінмін. Аңсап жүгіретінмін...- деді Абай Бөлекбайұлы.

**АРМАННЫҢ ЖЕТЕПІМЕН**

Абай 5-сыныпқа келгенде әскери оқуға барғаным жөн деп санайды. Балалықпен іштей шешім қабылдағанымен болмысында әскерге деген қызығушылық басым еді. Жасы 60-тың асуына шықса да сол кездері әскер, соғыс турасында қызығып оқыған кітаптарды жіпке тізгендей атап бере алады. Әлі күнге дейін Абай Бөлекбайұлының жадында сайрап тұр. Бала Абайдан бастап, бүгінгі Абайға дейін жанына серік етіп келе жатқаны спорт еді. Бала арманмен тыныстап, «әскерге барсам шымыр болуым керек қой» деген мақсат, бүгінде күнделікті айналысап дағдысына айналды.

Арманның жетегімен, оқуға аттанбақ болған баласына әжесі: «Сен оқуға түсесің. Саған айтарым, жамандық істеме және Алланы аузыңнан тастама» деген. Әжесінің ақ көңілімен айтқан бір-ақ ауыз сөзі көңіл түкпірінде әлі күнге дейін жаңғырып тұр.

- Егер әжем оқуға бармайсың десе, бармайтын едім. «Бар!» деді. «Сен оқуға түсесің» дегенді қалай біліп айтқан деп қазір таңғаламын. Өйткені, ол уақытта бір орынға он адам таласатын. «Алланы аузыңнан тастама» деді. Жастықтың буымен әжеңнің айтқанын тек емтихан тапсы-ратын кезде есіңе аласың. Қазір ғой жас ұлғайған сайын Құдайды жиі еске алып, шүкіршілік ететін болдық. Осындай-да Хакім Абайдың «Алланың сөзі де рас, өзі де рас» дегені еске оралады, - деді кейіпкеріміз.

Солтүстік Қазақстан облысынан 14 ер-азаматтың тек төртөуіне ғана әскери оқу нәсіп болған. Соның ішінде Абай Бөлекбайұлы да бар. Қара жұмыста жүріп шыңдалған Абай үшін әскер жұмысы оңай болды деп айту қиын. Әскери қызмет қайдан оңай болсын! 43 жылын армияға сарп еткен кейіпкеріміз командир ретінде қаншама сарбазды тәрбиелеп шығарды десеңізші!.

**ҚАРА ДОМБЫРАСЫН ТАСТАҒАН ЕМЕС**

Оқуда жүрген уақытында Абай әжесінен айырылады. Алай-да, әскердің қатаң тәртібіне бағынып, әжесін ақтық сапарға шығарып сала алмағаны үшін күні бүгінге дейін екінші өзегін өртейді. Абайдың жан-дүниесінің астаң-кестенін шығарған сол әжесінің бұл дү-ниеден қайтқаны еді. Домбырасын қолынан тастамаған қазақтың қара домалақ баласының бойында жылдар бойы әжесіне арналған бір «күй» жүрді. «Сабақты ине сәтімен деген», сол күй «Толғау» деген атпен домбыраға салынды, таспаға жазылды. Бұл оның әжесіне орнатқан ескерткіші еді.

Абай Солтүстік Қазақстан облысы, Ленин ауданының Николаевка селосында дүниеге келді. Орыс жұрты басым елдімекенде дүниеге келген кейіпкеріміз орыс мектебінде оқыды, жоғарғы оқу орнында орыс тілінде тәмамдады. Бірақ, қай жерде жүрсе де қазақ екендігін білдіріп, тіпті орыс-ша әндердің өзін домбыраға салып шырқайтын еді.

**СӨЗ СОҢЫ**

Болмысы қазақ, жүрегі де қазақ деп соғатын кейіпкерімнің айтуынша, «адамды адам ететін – еңбек». Оның бойындағы «адам болмаққа ұмытылған қасиеті» Сағипа әжесінің тәрбиесінең Майлыбай атасының қанынан. Олар баласының жетістігін көрмеді, қуанышымен бөлісе алмады. Абай Бөлекбайұлы жыл сайын ауылына атбасын бұрып, қарайып жатқан сол бір молаларға барып, құран бағыштаудан басқа амалы жоқ.

**Менің кейіпкерім риясыз күледі, шынайы әңгімелесе алады. Анадан туған жалғыз болса да тас бауыр емес, бауырмал Көргені көп, түігені мол. Ең бастысы өмірге деген құштарлығы еш аласарған емес.**

**Арай СҮГІРБАЙ.**

**Сурет А.Тасболатовтың  
жеке архивінен алынған  
«Сарбаз» газетінен.**

аппараты) және үшінші орынға Дамир Гайсин (Айыртау мектеп-интернаты) лайық болды.

Ерлер арасындағы 30-39 жас аралығындағы жарыста Жақсылық Жүсіповке (ауданның ішкі саясат бөлімі) тең келер болмаса, мәре сызығына екінші болып Айдын Қазанов (ауданның құрылыс бөлімі) және одан кейін Нұрлан Төребеков (ауданның жер қатынастары бөлімі) келді. Ал 20-29 жас аралығындағы жігіттердің арасы-нан бірінші болып Думан Мәментиков (Украин ауылдық округі) болса, одан кейін Алексей Федоров (Айыртау мектеп-интернаты) және үштікті Асхат Құрманбаев (Айыртау ОАА) түйіндеді.

Барлық жеңімпаздар мен қатысушылар арнайы дипломдармен марапатталды.

**Өз хабарымыз.  
Суретті түсірген  
Наталья ЕРЕМЕНКО.**

100 нақты қадам

Сот жүйесіндегі оң өзгерістер



Е л б а с ы  
Н.Ә.Назарбаевтың қазақ елін дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы озық 30 елдің қатарына қосу мақсатында қабылдаған «100 нақты қадам» Ұлт жоспары еліміздің сот саласына да бұрын-соңды болмаған тың серпін беріп отыр.

Қазіргі таңда бүкіл республика аумағында, Ұлт жоспарының 5 институционалдық реформасы белсенді түрде іске асырылып жатыр. Жоспар ішіндегі 11 қадамның өзі сот жүйесіне бағытталған мақсаттардан тұратындығы барлықтарыңызға аян. Біріншіден, судьяларды реттеу жүйесін дамыту, екіншіден, сот ісін жүргізуді жаңғырту. Үшіншіден азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін жеңілдету үшін сот жүйесі сатыларын оңтайландыру. Бес сатылы сот жүйесінен (бірінші, апелляциялық, кассациялық, қадағалау және қайта қадағалау жасау) үш сатылы (бірінші, апелляциялық, кассациялық) сот төрелігі жүйесіне көшу болатын.

Сотта өткізілген барлық сот процестері, бейне және таспаға жазу құралдарын міндетті түрде пайдаланумен өткізілуі де қажет болатын. Себебі сот жүйесінің ашықтығы бүгінгі күні әрі міндет, әрі талап. Сонымен қатар ол азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін арттырады.

Мемлекетімізге соңғы жылдары шетел компаниялары тарапынан инвестицияның көп ауқымда келуі, өз тарапынан сотқа компаниялар тарапынан талап арыздардың түсуі ұлғайды, сол себептен инвестициялық сот құру туралы қабылданған шешім- дұрыс қадамның бірі болатын.

Бүгінгі күндері Ұлт жоспарының сот саласына қатысты бөліктері негізінен орындалып, оңтайлы жұмыс істеп жатқандығына барлығымыз куәміз.

Сонымен қатар үстіміздегі жылдан бастап, Ұлт жоспарын орындаудың практикалық кезеңі басталды. Құқық

тәртібі мен заңдылықты қамтамасыз ету бойынша 10 келесі шаралар іске асырылып үлгерді, атап айтқанда:

- жаңа Азаматтық іс жүргізу кодексі қабылданды;
- жаңа «Жоғарғы сот кеңесі туралы» Заң қабылданды;
- «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық Заңына өзгерістер енгізілді;
- Қылмыстық іс жүргізу кодексіне өзгерістер енгізілді;
- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске өзгерістер енгізілді;
- Судьялыққа кандидаттар іріктеудің қатаң тетігі және оларға жоғары біліктілік талаптары заңнамалық тұрғыда қарастырылды;
- Жоғары сот кеңесі түбегейлі реформаланды (өз аппаратымен автономды мемлекеттік мекеме қалыптасады және оның құрамымен өкілеттіктері кеңейтілді);
- Сот төрелігінің бас сатылы жүйесінен үш буынды жүйесіне өту (тек бірінші, апелляциялық және кассациялық инстанциялар қалады; бірінші және апелляциялық инстанциялар соттарының рөлдері айтарлықтай күшейтілетін болады; соттық әуре-сарсаңның алдын алып, сот шешімін қабылдаудың мерзімін қысқартады);
- Сот залдары аудио және видеожазудың аппаратураларымен жарақтандырылды (жазбаларды қандай да бір тоқтатуға немесе редакциялауға мүмкіндік берілмейді; судьяларды және сот мәжілісіне басқа да қатысушыларды тәртіпке шақырады; сот процесі мен сот қабылдаған шешімнің объективтілігін қамтамасыз етеді);
- Бірқатар институттық шешімдер енгізіледі.

Бүгінгі таңда сот жүйесінде Ұлт жоспарының аясында жүзеге асырылып жатқан реформалар өзінің тиімділігін, дер кезінде жасалғандығын көрсетеді. Осы атқарылып жатқан шаралардың арқасында, сот жүйесі құқықтың үстемдігі жағынан тиімді жетістіктерге жетті деп толық айтуға болады.

Қанат ӘБУБӘКІР,  
Айыртау ауданының №2  
аудандық сотының төрағасы.

Қоғам және заң

Сотты құрметтеу – әр азаматтың міндеті

Қазақстан Республикасы Конституциясының 76-бабының 1-тармағына сәйкес, сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңдары мүдделерін қорғауды, Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды. Жоғарыда айтқанымыздай, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» заңының 3-бабында сотқа немесе судьяға құрметтемеушілік білдіру заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғатыны көрсетілген. Сот ісін қарау сот отырыс залында жүзеге асырылады. Әрине, бұл тараптар сот отырысы барысында белгілі бір тәртіпке бағыну қажеттігін ұмытпағаны жөн.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 185-бабында төрағалық етушінің міндетін судья атқарады. Төрағалық етуші азаматтық сот ісін жүргізу қағидадарына сәйкес процестік әрекеттер жасаудың сабақтастықтығы мен тәртібінің сақталуын, процеске қатысушылардың процестік құқықтарын жүзеге асыруын және олардың процестік міндеттерді орындауын, процестің тәрбиелік ықпалын қамтамасыз ете отырып, отырыстың барысына басшылық жасайды.

Іске қатысатын қандай да бір тұлғаның төрағалық етушінің процестік әрекеттеріне қарсылық білдіруі сот отырысының хаттамасына енгізіледі.

Төрағалық етуші сот отырысында тиісті тәртіпті қамтамасыз етуге қажетті шаралар қолданады. Сот отырысында тәртіпті сақтау жөніндегі талаптар іске қатысатын барлық тұлғалар және олардың өкілдері, мамандар, сарапшылар, аудармашылар үшін, сондай-ақ сот отырысы залында қатысып отырған азаматтар үшін міндетті.

Сот отырысының тәртібі ҚР АПК-нің 187 бабында қарастырылған. Судья сот отырысы залына кірген кезде залдағы қатысып отырған адамдар орындарынан тұрады. Шешім шығармай аяқталатын істегі сот шешімін немесе ұйғарымын сот отырысы залында қатысып отырғандар түрегеп тұрып тыңдайды. Іске қатысатын адамдар мен сот отырысы залында қатысып отырған азаматтар

судьяға «Құрметті сот» деп сөйлейді. Түсініктемелер мен айғақтарды, сұрақтар мен оларға жауаптарды процеске қатысушылар төрағалық етушінің рұқсатымен түрегеп тұрып береді. Бұл қағидадан ауытқуға төрағалық етушінің рұқсатымен ғана жол берілуі мүмкін. Іске қатысатын адамдар, сондай-ақ сот отырысы залында қатысып отырған азаматтар сот отырысы залындағы тәртіпті сақтауға міндетті.

Сот отырысында тәртіп бұзушыларға қолданылатын шаралар ҚР АПК-нің 188-бабында қарастырылған. Істі талқылау кезінде тәртіпті бұзған адамға төрағалық етуші соттың атынан ескерту жасайды. Тәртіпті қайталап бұзған жағдайда іске қатысатын адам сот отырысының хаттамасына енгізілетін сот ұйғарымы бойынша сот талқылауының барлық уақытына немесе оның бір бөлігіне сот отырысы залынан шығарып жіберілуі мүмкін. Төрағалық етуші соңғы жағдайда сот отырысы залына қайта жіберілген адамды ол болмаған кезде жасалған процестік әрекеттермен таныстырады. Сот отырысы залына қайта оралған адамдар олар болмаған кезде зерттелген мән-жайлар бойынша түсініктеме беруге және іске қатысатын басқа адамдарға сұрақтар қоюға құқылы. Іске қатыспайтын және сот отырысы залында қатысып отырған адамдар қайталап тәртіп бұзғаны үшін төрағалық етушінің өкімімен отырыс залынан шығарып жіберіледі. Істі талқылау барысында оған қатысушылар жаппай тәртіп бұзған жағдайда сот іске қатыспайтын адамдардың барлығын сот отырысы залынан шығарып жіберуі және істі жабық отырыста қарауы немесе істі талқылауды кейінге қалдыруы мүмкін. Істі жабық сот отырысында қарау және шешу туралы ұйғарым шығарылады, ол сот отырысының хаттамасына енгізіледі.

Процеске қатысушы тұлға тарапынан тікелей сот талқылауы барысында сотты құрметтемеу фактісі анықталған кезде сот кінәлі адамға Заңда белгіленген тәртіппен әкімшілік жазаға немесе сот отырысында тәртіп бұзушының әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болса, бұл адам қылмыстық жауапқа тартылуы мүмкін.

Сотқа деген құрметтемеушілік білдірген тұлғаларға қатысты жауапкершілік тек Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне ғана емес Қазақстан Республикасының

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде де қарастырылған. Мәселен, аталған кодекстің 653–бабында сотқа деген құрметтемеушілік үшін жауапкершілік көзделген.

1. Процеске қатысушылардың және өзге де адамдардың қатысуынсыз соттың істі одан әрі қарауы мүмкін болмайтын жағдайларда, олардың шақыру қағазы, хабарлау, хабардар ету немесе шақыру бойынша сотқа дәлелді себептерсіз келмеуінен, сот отырысында төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбаудан, сотта белгіленген қағидаларды бұзудан көрінген сотты құрметтемеушілік, сондай-ақ сотты және (немесе) судьяны құрметтемеушілік туралы анық көрінетін өзге де әрекеттер (әрекетсіздік) – ескерту жасауға не жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) – отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

Сот отырыс залындағы тәртіпті бұзып, олардың іс-әрекеттерінде қылмыстық жауапкершіліктің салдары анықталса, сот оларға қатысты құжаттарды, прокурорды ескерте отырып, алдын ала тергеу органына жолдай алады. Бұл жауапкершілік ҚР қылмыстық кодексінің 410 бабында көрсетілген. Сотты құрметтемеу:

1.Сот талқылауына қатысушыларды қорлаудан көрінген сотты құрметтемеу – үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жетпіс бес тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

2. Судьяны және (немесе) алқабиді қорлаудан көрінген дәл сол іс-әрекет – бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не үш жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не тоқсан тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

Қорыта айтқанда, сотқа келген әрбір адам өзіне жүктелген жауапкершілікті сезініп, құқықтық мәдениетті сақтауы қажет.

Асқар МАҚЫШЕВ,  
Айыртау аудандық сотының  
аға сот приставы.

ЖОБА

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы тағайындалған орындарды анықтау туралы

«Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 27-бабына, 2015 жылғы 27 наурыздағы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының №264 бұйрығымен бекітілген ішкі сауда Ережесінің 102-тармағына сәйкес, «Ішкі сауда Ережелерін бекіту туралы» Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы тағайындалған орындар анықталсын.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ағзам ТАСТЕМІРОВ,

аудан әкімі.

«КЕЛІСІЛДІ»

«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринарлық бақылау және қадағалау комитетінің Айыртау аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің басшысы **Б.Махметов**

«\_\_\_\_\_» 2015 жыл

«Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Айыртау аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі басшысының м.а. **Б.Рамазанова**

«\_\_\_\_\_» 2015 жыл

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы «\_\_» қаңтардағы қаулысына №\_\_ қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданында бөлшек (жеке) сауданы ұйымдастыру үшін орындарды орналастыру

| Р/С № | Автолавка және (немесе) шатыр орналастыру орындары (павильон)                                                                        |
|-------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1     | Антоновка ауылы, 1.Ленин көшесі, «Мечта» дүкені маңында. 2.Ленин көшесі, алаң.                                                       |
| 2     | Арықбалық ауылы, Центральная көшесі, «Элениа» дүкеніне қарсы.                                                                        |
| 3     | Саумалкөл ауылы, Достық көшесі алаң.                                                                                                 |
| 4     | Новоукраинка ауылы, «Камал» дүкені және пошта бөлімі алдындағы алаң.                                                                 |
| 5     | Айыртау ауылы, Советская көшесі, «Айыртау-Әліби» жауапкершілігі шектеулі серіктестік кеңсесінің маңы.                                |
| 6     | Гусаковка ауылы, Школьная көшесі, «Луч» дүкеніне қарсы.                                                                              |
| 7     | Новосветловка ауылы, Целинная көшесі, наубайханаға қарсы.                                                                            |
| 8     | Елецкое ауылы, Центральная көшесі, №26 үй.                                                                                           |
| 9     | Имантау ауылы, Ленина көшесі, №40 «А» үй.                                                                                            |
| 10    | Казанка ауылы, Советская көшесі, «Роза» дүкеніне қарсы алаң.                                                                         |
| 11    | Аксеновка ауылы, Олимпийская көшесі, наубайхана мен бос уақытты ұйымдастыру орталығы арасындағы орталық алаң.                        |
| 12    | Карасевка ауылы, Мир көшесі, саябақ маңында.                                                                                         |
| 13    | Қаратап ауылы, Орталық көшесі, бұрынғы дүкен ғимаратының жанында.                                                                    |
| 14    | Константиновка ауылы, Советская көшесі, «Настюша» дүкенінің жанындағы алаң.                                                          |
| 15    | Құспек ауылы, Советская көшесі, «Новинка» дүкенінің жанындағы алаң.                                                                  |
| 16    | Лобаново ауылы, Ленина көшесі, «Лобаново селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің әкімшілік ғимаратына қарсы аймақ. |
| 17    | Шалқар ауылы, Центральная көшесі, «Ключи» жауапкершілігі шектеулі серіктестік кеңсесіне қарсы аймақ.                                 |
| 18    | Нижний-Борлық ауылы, Центральная көшесі, «Ирина» дүкеніне қарсы.                                                                     |
| 19    | Дәуқара ауылы, Наурыз көшесі, №3 үй.                                                                                                 |
| 20    | Сырымбет ауылы, Школьная көшесі, «Айғаным» және «Абылайхан» дүкендерінің арасы.                                                      |
| 21    | Қирилловка ауылы, Ленина көшесі, «Нұрхан» дүкенінің маңы.                                                                            |
| 22    | Каменный брод ауылы, Школьная көшесі, «Руспан» дүкенінің маңы.                                                                       |

Салық төлеушілер назарына!

2015 жылдың 4 тоқсанына арналған 200.00, 300.00, 400.00, 590.00, 860.00, 870.00, 2015 жылдың 2 жартысына арналған 910.00, 2016 жылға арналған 701.01 нысандары бойынша Салық есептілігін тапсыру мерзімі ақпанның 15 аяқталады.

Айыртау ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы 2016 жылдың 15 ақпанында келесі салық есеп мерзімі аяқталатынын хабарлайды:

200.00 нысанасы бойынша 2015 жылдың 4 тоқсандық Қазақстан Республикасының азаматтарының әлеуметтік салық және жеке табыс салық декларациясы.

Тап осы түр өзін жалдама қызметкерлердің барының немесе жоқ болуын таныстырады.

210.00 нысанасы бойынша 2015 жылдың 4 тоқсандық азаматтығы жоқ адамдардың және шетелдіктердің әлеуметтік салық және жеке табыс салық декларациясы.

300.00 нысанасы бойынша 2015 жылдың 4 тоқсандық ҚҚС декларациясы.

400.00,431.00 нысанасы бойынша 2015 жылдың желтоқсаны салық салумен байланысты, акциз бойынша декларация

590.00 нысаны бойынша 2015 жылдың 4 тоқсандық пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша декларациясы.

710.00 нысаны бойынша 2015 жылдың 4 тоқсандық Ойын бизнесі және тіркелген салық бойынша декларация арналған декларациясы.

860.00 нысанасы бойынша 2015 жылдың 4 тоқсандық жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы арналған декларациясы.

870.00 нысанасы бойынша 2015 жылдың 4 тоқсандық қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы бойынша декларация.

910.00 нысанасы бойынша 2015 жылдың 2 жартысына шағын бизнес субъектілеріне арналған оңайтылған декларация.

701.01 нысанасы бойынша 2016 жылға жер салығы және мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдер сомаларының есеп- қисабын арналған декларациясы.

Сонымен қатар салық есептілігін уақытылы тапсырмаған жағдайда «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 272 бабына сәйкес әкімшілік жазаға тартылады.

Айта кететін жағдай, Жаңа Салық кодексінің 72 бабына сәйкес салық төлеуші салық есептілігінің электрондық түрде табыс етілуі шартымен оны табыс ету мерзімін салық төлеушінің салықтық өтініші бойынша ұзартады. Салық есептілігін табыс ету мерзімін ұзарту туралы өтінішті салық төлеуші салық есептілігін табыс ету үшін тіркелу есебі орны бойынша, сонымен қатар халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы, уәкілетті органдармен бекітілген жүйе бойынша тапсыра алады.

Салық есептілігін тапсыру мерзімі мынадай:

Корпоративтік табыс салығы немесе жеке табыс салығы бойынша – декларацияны табыс ету үшін белгіленген мерзімнен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын

Салықтың өзге түрлері, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша – декларацияны және (немесе) есеп қисапты табыс ету үшін белгіленген мерзімнен бастап күнтізбелік он бес күннен аспайтын кезеңге ұзартылады.

Салық есептілігін табыс ету мерзімін ұзарту салық органына салық есептілігін ұзартуға салықтық өтініш берілген күнтізбелік жыл ішінде салық төлеуші (салық агенті) табыс ететін салық есептілігіне қолданылады.

ҚР-ның салық кодексінің 68 бабына сәйкес салық салу объектісі болмаған жағдайда, КТС, ЖТС, әлеуметтік салық, ҚҚС және төлемдер тапсырылмайды.

Сонымен қатар, 2015-2016 жылға арналған салық есептілігін тапсыру ҚР Қаржы министрлігі мемлекеттік кірістер Комитетінің kgd.gov.kz сайты ҚР заңнамасы бөлімшесінде көрсетілген.

Динара АНАШЕВА,  
салық төлеушілермен жұмыс жөніндегі бөлімінің басшысы.

Тіл – асыл қазына

Әр тіл – адамзаттың байлығы

Тіл халықтың ең басты қазынасы. Үш тұғырлы тіл саясатын қолға алсақ та, өз еліміздің ішінде қазақ тілінің мәртебесі әрине биік. «Әзге тілде сөйлей білген бір бақыт, өз тілінде сөйлей білген шын бақыт» деген халық даналығы бекерден айтылмаса керек. Президенттің айтуынша, мемлекеттің ішкі бірлігі халықаралық тұрақтылыққа тікелей байланысты.



Жалпы, «Үш тұғырлы тіл» туралы жобаны Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2006 жылдың қазан айында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XII құрылтайында жария еткен болатын. «Қазақстан мемлекеттік тілді игеруі керек. Орыс тілі – көрші еліміздің ана тілі және БҰҰ-ның алты тілінің бірі. Осы тіл арқылы әлемдік мәдениет пен әдебиетке жеткенімізді мойындауымыз керек. Бұл тілді де ұмытуымызға болмайды. Әр тіл – адамзаттың байлығы. Ағылшын тілі – халықаралық білім кеңістігіне ену тілі, әлемдік аренаға шығу жолы. Әлемде жарыққа шығатын 10 млн. кітаптың 85%-ы ағылшын тілінде шығады. Ғылым, даму, ақпаратты технология – барлығы да ағылшын тілінде етек жаяуда. Қазақстанда 3500 шетелдік компания жұмыс істейді. Олармен біз ағылшынша сөйлесеміз, осы тіл арқылы өндіріс күшімізді көтереміз», – деді Елбасы.

Ағылшын тілі пәнінен сабақ беретіндіктен, шәкірттеріміз тілді жақсы меңгеруі менің ұстаздық жолдағы басты мақсатым. «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады» – деген К.Д.Ушинский. Осы мақсатпен 2015 жылдың қараша айының 16-27 аралығында Солтүстік Қазақстан облысы бойынша «Өрлеу» педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру ұлттық орталығында Петропавл қаласында ағылшын тілі пәні бойынша курстан өттім. Тақырыбы: «Көптілді білім беру үрдісінде мәдениетті тұлға қалыптастыру». Курс кураторы - Қасенова Альбина Бақытбекқызы, TEA (Teaching Excellence and Achievement Program) бағдарламасы бойынша АҚШ-тың (Вашингтон, Колумбия округі, Монтана штаты) Бозман қаласында сабақ беру шеберлігін шыңдау мақсатында белгіленген грантпен 7 апталық

іс-тәжірибеден өтіп, екі апта бұрын ғана сертификат алып келген «Өрлеу» біліктілікті арттыру курстарының жас маманы.

Біз, Альбина Бақытбекқызының ең алғашқы тобы болдық. Менің біліктілікті арттыру кезеңім «Өрлеу» орталығында ағылшын тілі кабинетінің ашылуымен тұспа-тұс келді. Кабинеттің безендірілуі ерекше болды. АҚШ-тан әкелінген әртүрлі көрнекі құралдар, қабырға бойымен тақырыпқа сай орнатылған банер қатты

қызықты рды. Сабақ барысында ұстазымыз шетелдік ұстаздарымен онлайн конференция ұйымдастып, шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасуға мүмкіндік туғызды. Мәселен, Иордания мемлекетінің орта мектептерінің бірінде ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Мохаммед Мораның айтуынша, ол жерде бірінші сыныптан бастап ағылшын тілі пәні аптасына бес рет өткізіледі және мектепті аяқтағанда

оқушылар IELTS халықаралық деңгейі бойынша тест тапсырады екен. Бұл ағылшын тілін үйренуге зор мүмкіндік. Иордания мемлекеті мен Қазақстан мемлекетін салыстырсақ, бізде ағылшын тілі бастауыш сыныптарда аптасына 1 рет, ал 5-11 сыныптарда аптасына 2 рет өткізіледі. Кез-келген ата-ана баласының заман талабына сай шет тілін жетік меңгергендігін қалайды. Ал көп ата-ана ағылшын тілі пәнін түсінбейтіндіктен баласына өз тарапынан көмектесе алмайды. Бастауыш сыныптарды биылғы жылы алғаш рет сабақ бергенде байқағаным, аптасына бір-ақ бет 45 минут ағылшын тілін оқыту үздік нәтиже көрсете бермейді. Фаламтор дамыған заманда енді бір жаңалық «Kafoot» сайты. Бұл Қазақстан еліне әлі кең таралмаған жаңалықтардың бірі. Онда бірнеше оқушы сабақ үстінде телефон арқылы интернетке кіріп, сайтқа тіркеледі, пән бойынша жарыстарды онлайн, яғни, желі үстінде орындайды. Практикалық сабақтарда «CLIL» (Content Language Integrated Learning), «Shaping the way of teaching English», «TKT», т.б. оқулықтары сабақты әртүрлі әдіс-тәсілдермен қызықты да, мазмұнды өткізуге зор үлесін қосты. Курстан келген соң да электрондық почта арқылы ұстазымыз әртүрлі ақысыз семинар, коучинг, сайыстарға қатысуға шақырып отырады.

Жалпы алғанда, біліктілікті арттыру курстарынан бай тәжірибе жинап, білім беру аясындағы қорымды кеңейттім. Ал өзінің шет елден алған білім-білігімен аянбай бөліскен кураторым Альбина Бақытбекқызына айтар алғысым шексіз.

Қарлыға МУКЕЙ,  
Саумалкөл қазақ ОМ-нің  
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.

Тәрбие

Ұлттық тәрбиенің мәйегі

Қай заман, қай қоғамда болсын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән беріп келген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен, жастарға оқу-білім беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Балаға ат мініп, ат жегуді үйретумен шектелсең, арбасын салдырлатып ауыл іргесінен үзай алмайды. Аспанға ұшудың қыр-сырына баулысаң, уақыт пен кеңістік аясындағы ілімнен сусындатсаң, ғарыш шарлап басқа планеталарға самғап кетері сөзсіз. Сондықтан да Елбасымыз ХХІ ғасырды біліп жарысы ғасыры деп атап отыр. Орындалуы оңайға түспейтін осынау қиында күрделі талап деңгейінен көріну үшін ұстаздарға талай тер төгуге тура келетіні даусыз.

Толық жетіліп қалыптасқан ұлттың сана-қабілетінде, түсінік талғамында, мінез-құлқында өзіне тән ерекшелік-менталитеті болатынын ғылым дәлелдеген. Қазақ халқының да өзіне тән ерекшелігі, өзіне тән мінез-құлқы, ұлттық болмысы бар екенін біріміз білеміз.

Шүкір, заман өзгерді. Еркін елміз. Ендеше бізге керегі – оқшаулық емес, өзіндік қасиеттерімізді ұстана отырып, адамзат өркениеті мен мәдениетіндегі жетістіктерді сол өзек – мәйекке нәрлендіріп, ұлт бойына сіңіре беру. Айналадағы дүниеден тұйықталуға тырысқан Жапония бір кезде қандай еді? Сол томаға – тұйықтық саясаттан бас тартып, әлемдік қарым – қатынасқа белсене араласқаннан кейін қандай

биікке көтерілді. Алайда олар ағылшын да, неміс те, француз да болып кеткен жоқ, ұлттық менталитетінің өзегіне құрт түсірмей, қайта бұрынғысының да нәрлене түсіп, өркениет көшін бастаушылардың алдыңғы сапынан мызғанбас берік орын алды.

Бұл айтып отырғандарым, жаңалық ашқаным емес. Өйткені әр ұрпақ өмір сырларын ұғынуды өліппеден бастайды, өзінше жаңа дүние есігін ашады. Сондықтан оларды ұлттық мәдениетке тәрбиелеу ісі мектеп қабырғасынан басталуы тиіс. Сонда ғана жастар өзге халықтардың озат жетістік үлгілерін дұрыс қабылдап, сонымен бірге өз ұлтының ерекшелік асыл қасиеттерін сақтай білетін жан-жақты жетілген алымды адамзат болып өседі. Өз тәжірибемнен байқағаным, тәрбие жұмысы жалаң уағызға құрылмай ата – аналарды қатыстыра отырып, бір жағы еркін пікір алысу әрі көрнекілікті пайдаланса өте әсерлі өтеді.

Тарих тілінің маманы болғандықтан мысалы, «жеті атасын білмеген жетесіз қазақ болмайық» деген дәстүрлі емес сабағымда жеті ата ұғымы рулық жікті ажырату үшін емес, халық тегін, адам денін таза сақтау мақсатынан туғанын баса түсіндіруге тырыстым. Мақсатыма жеттім де, өйткені туыстық некенің кесірінен жаңа туған баланың кіндігін кескен

де, қаны ұйып тоқтамай өліп кететінін білгенде ата-аналар да, оқушылар да қатты ойла-нып қалды. Мұның өзі қазақтың дәстүрлі ұлттық ұғымдарына сәйкес мүшел жас, он ата, жеті байлық, үш мақсат төңірегінде қызу жарыс туғызды. Бұл жарыс оқушылардың ғана емес, ата – аналардың жарысы болды. Ал этномәдениет жайындағы түсінік оқушы үшін де, ата-ана үшін де пайдалы екеніне көзім жетті.

Ұлттық мәдени түсінігі салт-дәстүр, жол-жоралғы ұғымдарымен шектелмесе керек. Туған жерге, оның атақты адамдарына деген сүйіспеншілік-жас жүрекке от жағатын қасиетті сезімдер.

Қазақ ұлты мәдениеті тұрғысынан тәрбие жұмысын жүргізгенде менің алға қояр мақсатым айқын: баяндама, пікірталас, сайыс, алуан ойын элементтерін пайдаланып ұлттық салт дәстүрді, халықтың танымды балаларға үйреткенде, оларды ешқашан ұлттық менмендікке, оқшаулыққа қақпайламайтын, өзіне-өзін танытуды басты нысана етемін. Өйткені өзін-өзі таныған адам ғана басқа халықтарды түсінетіндей, олардың әдеп-ғұрпын сыйлайтындай рухани биікке көтеріле алады, өз ұлтының қадір-қасиетін ұстанады, сақтайда білетін кемел азамат болып өсіп жетіледі.

Балбөбек ДҮЙСЕНОВА,  
Дәуқара ОМ-нің тарих және география пәндерінің мұғалімі.

Ұстаз мерейі

Ұстаз – ұлағатты есім

Шәкірттерін білім нәрімен сусындырып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді.



Ұстаз! Осынау сөзде қаншама мән-мағына жатыр десеңізші! Ұлағатты ой иелері де, арман оты жүрегінде алаулаған жеткіншектер де, парасатты қоғам қайраткерлері де бір адамға қарыздар. Ол – Ұстаз! Алғаш «Әліппенің» бетін ашып, әріп танытқан, өмірдің қыр-сырын білуге, сан қилы құбылыстарды терең түсінуге мұрындық болып, жан дүниеге нұрлы шуақ түсіріп, адамгершілікке баулыған мұғалімнің бейнесі әр адамның көңіл төрінен орын алады. Ұстаз қай кезде де мектептің жүрегі, қоғамның тірегі. Қоғам тұлғаны қаншалықты жетілдірсе, жетілген тұлға қоғамды соншалықты дәрежеде дамытады.

Әрбір тұлға өмірінде үлкен тәрбие мен таусылмас білім ошағын санасына ұялатқан ұстазын мәңгілік есінде сақтайды. Маған таусылмас білім ошағын санама ұялатқан Шүкірлік негізгі мектебіндегі ұстазым Құсайынова Гүлжан Дауылбайқызы.

Сол кезде, біз кішкентай бүлдіршін едік, бізге күлімдеп қарап, әліппені қолға ұстатқан сәт әлі есімде. Сол сәтте бір жылылықты сездім, ол Гүлжан апайдың жарқын бейнесі еді, күн шуағындай бізге жылылық сыйлап тұрған. Қолымызға қалам ұстатып, оқуға деген құштарлықты оятқан еді. Әсерлі үнмен, асықпай мөнерлеп сөйлеген сөзінен қамқорлықтың, аналық, әкелік сезімнің дана ойдың ыстық лебі есіп тұрғандай. Иә, адамның жан дүниесін түсініп, ренжітпей, қателігін сөздіре білу – бұл нағыз шеберлік. Төрт жыл ішінде апайымыздан бір ауыр сөз естіп көрмеппіз, қателігімізді ақыл парасатпен ақырын ғана түсіндіретін еді. Әр бірімізбен жеке жеке жұмыс жасап, оған қоса түстен кейінгі уақытын бізге бөлетін. Тарыдай ғана бүлдіршіндердің бойына білім нәрін сеуіп, тәрбие ұрығын егіп, бізді таудай азамат етіп шығарды. Кеудемізге жұлдыз белгісін тағып, «Сендер де осындай жарық жұлдыз боласыздар», деп айтатын. Сол бір балалықтың жарқын да, ұмытылмас сәттері ай!

Өз басым дәл осындай ұстаздан тәлім тәрбие алғаным дән ризамын. Гүлжан апай – рухы таза, ой – өрісі биік, ұлты мен Отанының болашағы үшін төр төгіп, шыдамдылық пен табандылықтың үлгісін көрсетуші, жаңа-шылдықтың бастаушысы, жүрегі жылы, көңілі дарқан адам.

Ата бабамыз айтқандай «Қыран түлегіне қайтпас қанат сыйлайды, ұстаз шәкіртіне талмас талап сыйлайды» демекші менде бүгінгі таңда осы ұстазымның берген білімі мен үйреткен тәлім тәрбиесімен Алматы қаласындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде өзімнің білімімді әрі қарай шыңдау үстіндемін.

Осындай өз ісіне берілген жаңалықты жатсынбай қабылдайтын шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек.

Көздері мейірімге толы, жарқын жүзді ұстазым Гүлжан апайға алғысым шексіз!

Аида МАҒЫПАР,  
Қаз.ХҚ және ЭТ университетінің студенті.

Ардақты әріптес, адал дос

Мен бүгін қолыма қалам алып, Өскен негізгі мектебінде бірге қызмет атқарып жүрген құрбым, әрі әріптесім, математика және физика пәндерінің білікті маманы Махметова Асылдайым Жеңісқызы жайлы жазғым келеді.



Ұстаз педагогикалық қызметінде шығармашылық істерді жүзеге асыруды ерқашан мақсат етіп қояды. Тиімді әдістермен дамыта оқыту арқылы оқушыларды пәнге бейімдеу, білім стандартына сай білікті, бәсекеге қабілетті, күзретті жеке тұлға қалыптастыру жолындағы еңбегі аз емес.

Мұғалімнің еңбегі оқушы білімімен өлшенеді, сондықтан мұғалім еңбегінің күрделілігі оқушы жүрегіне жол таба білуінде деп түсінетін ұстаз білімге құштарлығын ояту, баланың жеке қасиеттерін ашу арқылы танымдық қасиеттерін қалыптастыру, өзіндік жұмыс түрлерінің маңызын ашуда зейін, қабілет, қабылдау есте сақтауы

әрқилы шәкірттердің жүрек кілтін тауып, шығармашылық қабілеттерін дамыта оқытады.

Ұстаздың ұлағатты ісі білімінің беріктілігімен өлшенсе, қуаттылығымен тамырлана түседі емес-пе. Ендеше осы талаптарға сай Асылдайым Жеңісқызы шәкірттері, әріптестері алдында өзінің терең білімімен, іскерлігімен беделді. Оның жүрегінде өзінің беретін пәнінен бөлек, шәкірттерге деген сүйіспеншілік күндей шуақтанып тұрады. Ең бастысы ұстаз - мектеп ұжымының сыйлы, беделді, білімді, ардақты педагогтарының бірі.

Махаббат АМЕРЖАНОВА,  
Өскен НМ-нің тарих және география пәндерінің мұғалімі.

Тәрбие

Қыз бала – ұлттың ұяты, халықтың шырайы

Бала тәрбиесі – игілікті іс. Берері де, сұрауы да, жемісі де мол тәрбие саласының ең өзектісі. Халықта «ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болды, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз – өзіне сенімділікке тәрбиелеуде отбасының ролі маңызды.

Бүгінгі ұл ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қыз – ертеңгі ана, ол шешеге қарап бой түзейді. «Бала – басты байлығымыз. Ертеңгі ана, бүгінгі қыздарымызды тәрбиелеу ананың және барша қауымның міндеті. Халқымыз «Қызға қырық үйден тыю» деген мақалда қаншама философиялық ой сыйғызған. Яғни қыз бала тәрбиесіне тек қана анасы ғана жауапты емес, бүкіл ауыл, ру жауапты болып отыр. Қыз баланы құрметтеу, олардың алдына дәрекі сөйлемей, ізетті болу – халқымыздың іп дәстүрлерінің бірі.

Бүгінгі қыздарымыздың жүріс – тұрысы, киген киім – киігі, тәрбиесі қазақ халқына мүлдем жат. Әріне көпке топырақ шашудың қажеті жоқ. Бірақ айтпасқа тағы болмайды. Қыз тәрбиесі туралы көп айтамыз, бірақ нәтиже шамалы.

Қазіргі «Заман солай ғой» деген сөз тіркесі шықты. Неге заман кінәлі болу керек? Біз кінәліні алыстан іздемеуіміз керек. Себебі, осындай орны толмас олқылықтар ең бірінші тәрбиенің жетімпеушілігінен болады.

Балаға ең бірінші керек құндылық ол – тәрбие. Ұлы Абай атамыз: «Ары бар, ақылы бар, ұяты бар, ата – ананың қызынан қапы қалма» деген екен. Демек, болашақ жас ұрпақты адамгершілігі мол, иманды, өнегелі, өнерлі етіп тәрбиелеу – қазіргі отбасы үлкен міндет.

Әрбір қыз балаға ата – анасын, туыстарын қадірлей білуді үйретсе, болашақта одан елің жерің, халқын сүйетін, өз шаңырағын ардақтайтын, балаларын жанындай жақсы көретін қамқор ана, қайратты жаң, нәзік ару шығары сөзсіз.

А.БАЙМАҒАМБЕТОВА,  
«ЕС-164/8 мекемесі» ММ-нің есеп бөлімі инспекторы.

# МЕЛБАҒДАРЛАМА

## ДҮЙСЕНБІ, 15 АҚПАН ҚАЗАҚСТАН

Телерадио хабарларын тарату орталығындағы профилактикалық жұмыстарға байланысты 2016 жыл 15 ақпан, дүйсенбі күні 17.00-ге дейін «Қазақстан» ұлттық телеарнасының хабарлары көрсетілмейді 17:00 «МЕНІҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ!» 17:30 KAZNEWS 17:50 «БҮГІНГІ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ» 18:00 «ӨЗГЕРГЕН ӨНІР» 18:20 «Аюлар» Мф 18:35 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ» Тх 19:30 KAZNEWS 20:20 «СЕРПІЛІС» 21:05 «ШЫРҒАЛАҢ» Тх 22:00 «КЕЛІН» Тх 22:55 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯҢБАЕВ» 23:30 «...Үй болу қиын» 0:00 KAZNEWS 0:45 «SPORT.KZ» 1:05 «Әйел бақыты» 2:00 «Ақсауыт» 2:30 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 KAZNEWS

### ХАБАР

С 03:00 до 17:00 технический перерыв (профилактические работы) 17:02 Новости 17:15 Тс «След» 17:55 «Орталық Хабар» 19:00 «ТВ Бинго» 19:55 «Негізінде...» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Арнайы хабар» 20:55 «По сути» 21:00 Итоги дня 21:30 Тс «Осколки» 22:30 «Жекпе-жек» 23:15 «Бетпе-бет» 23:45 «Негізінде...» 23:50 Қорытынды жаңалықтар 00:20 «По сути» 00:25 Итоги дня 00:55 «Сотқа жеткізбей» Дф01:25 Жаңалықтар

### ЕВРАЗИЯ

Уважаемые телезрители! Приносим извинения за перерыв в эфире до 17:00 в связи с профилактическими работами 17:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 17:05 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 18:00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 19:00 «ЗОЛОТАЯ КЛЕТКА» Мелодрама 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 21:00 «СҮЙГЕН ЖАР» ТХ 21:30 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» ТХ 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:45 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» ТХ 23:35 «П@УТИНА» 0:00 «ВРЕМЯ» 0:30 «Смотрим вместе!» «МАЖОР» 1:45 «П@УТИНА+» 2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:10 «САПА БАҚЫЛАУДА» 3:35 «КОНТРОЛЬНАЯ ЗАКУПКА»

### РОССИЯ 1

05.00, 09.15 «Утро России» 09.00, 11.00, 14.00, 17.00, 17.50, 20.00 Вести 09.55 «О самом главном» 11.35, 14.30, 17.30, 19.35 Местное время. Вести - Москва 11.55 Т/с «Тайны следствия» 14.50 Вести. Дежурная часть 15.00 Т/с «Самара» 18.15 «Прямой эфир» 21.00 Т/с «Культь» 23.35 «Честный детектив» 00.35 «Сети обмана. Фальшивая реальность». «Прототипы. Капитан Врунгель» 02.10 Т/с «Срочно в номер!» 03.10 «Под властью мусора» 04.05 «Комната смеха»

## СЕЙСЕНБІ, 16 АҚПАН ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАҢ» 10:00 «Шырғалаң» Тх 10:50 «Әпке» Тх 11:45 «Айтұға оңай...» 12:30 «...Үй болу қиын» 13:00 «БІРГЕ ТАНДАЙМЫЗ!» 14:10 «Келін» Тх 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:05 «Жүрегім сізге аманат» Тх 17:05 «Sport.kz» 17:30 KAZNEWS 17:55 «Қылмыс пен жаза» 18:15 «Аюлар» Мф 18:35 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ» Тх 19:30 KAZNEWS 20:20 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:05 «ШЫРҒАЛАҢ» Тх 22:00 «КЕЛІН» Тх 22:55 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯҢБАЕВ» 23:30 «...Үй болу қиын» 0:00 KAZNEWS 0:50 «Әпке» Тх 1:35 «Әйел бақыты» 2:30 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 KAZNEWS

### ХАБАР

07:02 «Білгенге маржан» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 Тс «Осколки» 11:00 Новости 11:10 «Магия кухни» 11:45 «Сотқа жеткізбей» Дф12:15 Тх «Тракторшының махаббаты» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 Тс «Условия контракта»-2 14:10 Тс «Гречанка» 15:00 Новости 15:10 Тх «Сүйген жарым» 16:00 Кешкі жаңалықтар 16:15 «Біздің үй» 17:00 Новости 17:15 Тс «След» 17:55 «Тағдыр жолы» 18:25 Тх «Пәленшеевтер» 19:15 Тх «Тракторшының махаббаты» 19:55 «Негізінде...» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Бюро расследований» 20:55 «По сути» 21:00 Итоги дня 21:30 Тс «Осколки» 22:30 Тс «След» 23:15 «Бетпе-бет» 23:45 «Арнайы хабар» 00:15 «Негізінде...» 00:20 Қорытынды жаңалықтар 00:50 «По сути» 00:55 Итоги дня 01:25 «Сотқа жеткізбей» Дф01:55 Жаңалықтар

### ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:15 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 «БЕЛЫЕ ВОЛКИ» Кино 11:55 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 12:05 «СҮЙГЕН ЖАР» ТХ 12:30 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» ТХ 13:00 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 13:55 «П@УТИНА» 14:20 «СТАНИЦА» Кино 15:15 «ПЕРВЫЕ НОВОСТИ» 15:40 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:45 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:50 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:55 «ЗОЛОТАЯ КЛЕТКА» Мелодрама 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 21:00 «СҮЙГЕН ЖАР» ТХ 21:30 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» ТХ 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:45 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» ТХ 23:35 «П@УТИНА» 0:00 «ВРЕМЯ» 0:30 «Смотрим вместе!» «МАЖОР» 1:45 «П@УТИНА+» 2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:15 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА»

### РОССИЯ 1

05.00, 09.15 «Утро России» 09.00, 11.00, 14.00, 17.00, 17.50, 20.00 Вести 09.55 «О самом главном» 11.35, 14.30, 17.30, 19.35 Местное время. Вести - Москва 11.55 Т/с «Тайны следствия» 14.50 Вести. Дежурная часть 15.00 Т/с «Самара» 18.15 «Прямой эфир» 21.00 Т/с «Культь» 23.40 Вести.дос 01.25 «Шифры нашего тела. Незвестные органы». 2 ф. «Смертельные опыты. Карта мира» 02.55 Т/с «Срочно в номер!» 04.00 «Комната смеха»

## СӨРСЕНБІ, 17 АҚПАН ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАҢ» 10:00 «Шырғалаң» Тх 10:50 «Әпке» Тх 11:45 «Айтұға оңай...» 12:30 «...Үй болу қиын» 13:00 «БІРГЕ ТАНДАЙМЫЗ!» 14:10 «Келін» Тх 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:05 «Жүрегім сізге аманат» Тх 17:05 «Келбет» 17:30 KAZNEWS 17:55 «Табыс сыры» 18:15 «Аюлар» Мф 18:35 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ» Тх 19:30 KAZNEWS 20:20 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:05 «ШЫРҒАЛАҢ» Тх 22:00 «КЕЛІН» Тх 22:55 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯҢБАЕВ» 23:30 «...Үй болу қиын» 0:00 KAZNEWS 0:50 «Әпке» Тх 1:35 «Әйел бақыты» Ток-шоу 2:30 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 KAZNEWS

### ХАБАР

07:02 «Білгенге маржан» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 Тс «Осколки» 11:00 Новости 11:10 «Магия

кухни» 11:45 «Сотқа жеткізбей» Дф12:15 Тх «Тракторшының махаббаты» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 Тс «Условия контракта»-2 14:10 Тс «Гречанка» 15:00 Новости 15:10 Тх «Сүйген жарым» 16:00 Кешкі жаңалықтар 16:15 «Біздің үй» 17:00 Новости 17:15 Тс «След» 17:55 «Тур де Хабар» 18:25 Тх «Пәленшеевтер» 19:15 Тх «Тракторшының махаббаты» 19:55 «Негізінде...» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Қайсар жан-дар» 20:55 «По сути» 21:00 Итоги дня 21:30 Тс «Осколки» 22:30 Тс «След» 23:30 «Бетпе-бет» 00:00 «Негізінде...» 00:05 Қорытынды жаңалықтар 00:35 «По сути» 00:40 Итоги дня 01:10 «Арман қанатында» 01:40 «Сотқа жеткізбей» Дф02:10 Жаңалықтар

### ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:15 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 «БЕЛЫЕ ВОЛКИ» Кино 11:55 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 12:05 «СҮЙГЕН ЖАР» ТХ 12:30 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» ТХ 13:00 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 13:55 «П@УТИНА» 14:20 «СТАНИЦА» Кино 15:15 «ПЕРВЫЕ НОВОСТИ» 15:40 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:45 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:50 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:55 «ЗОЛОТАЯ КЛЕТКА» Мелодрама 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 21:00 «СҮЙГЕН ЖАР» ТХ 21:30 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» ТХ 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:45 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» ТХ 23:35 «П@УТИНА» 0:00 «ВРЕМЯ» 0:30 «Смотрим вместе!» «МАЖОР» 1:45 «П@УТИНА+» 2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:15 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА»

### РОССИЯ 1

05.00, 09.15 «Утро России» 09.00, 11.00, 14.00, 17.00, 17.50, 20.00 Вести 09.55 «О самом главном» 11.35, 14.30, 17.30, 19.35 Местное время. Вести - Москва 11.55 Т/с «Тайны следствия» 14.50 Вести. Дежурная часть 15.00 Т/с «Самара» 18.15 «Прямой эфир» 21.00 Т/с «Культь» 22.50 «Специальный корреспондент» 00.30 «Химия. Формула разоружения». «Как оно есть. Дары моря» 02.40 Т/с «Срочно в номер!» 03.40 «Комната смеха»

### БЕЙСЕНБІ, 18 АҚПАН ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАҢ» 10:00 «Шырғалаң» Тх 10:50 «Әпке» Тх 11:45 «Айтұға оңай...» 12:30 «...Үй болу қиын» 13:00 «БІРГЕ ТАНДАЙМЫЗ!» 14:10 «Келін» Тх 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:05 «Жүрегім сізге аманат» Тх 17:00 «ЖУРНАЛИСТІК ЗЕРТТЕУ» 17:30 KAZNEWS 17:55 «ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘСКЕРИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ» Дф 18:15 «Аюлар» Мф 18:35 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ» Тх 19:30 KAZNEWS 20:20 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:05 «ШЫРҒАЛАҢ» Тх 22:00 «КЕЛІН» Тх 22:55 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯҢБАЕВ» 23:30 «...Үй болу қиын» 0:00 KAZNEWS 0:50 «Әпке» Тх 1:35 «Әйел бақыты» 2:30 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 KAZNEWS

### ХАБАР

07:02 «Бұйымтай» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 Тс «Осколки» 11:00 Новости 11:10 «Магия кухни» 11:45 «Сотқа жеткізбей» Дф12:15 Тх «Тракторшының махаббаты» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 Тс «Семейные мелодрамы» 14:10 Тс «Гречанка» 15:00 Новости 15:10 Тх «Сүйген жарым» 16:00 Кешкі жаңалықтар 16:15 «Біздің үй» 17:00 Новости 17:15 Тс «След» 18:00 «Тур де Хабар» 18:25 Тх «Пәленшеевтер» 19:15 Тх «Тракторшының махаббаты» 19:55 «Негізінде...» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Линия судьбы» 20:55 «По сути» 21:00 Итоги дня 21:30 Тс «Осколки» 22:30 Тс «След» 23:20 «Бетпе-бет» 23:50 «Негізінде...» 23:55 Қорытынды жаңалықтар 00:25 «По сути» 00:30 Итоги дня 01:00 «100 бизнес-тарихы» 01:30 «Сотқа жеткізбей» Дф02:00 Жаңалықтар

### ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:15 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 «БЕЛЫЕ ВОЛКИ» Кино 11:55 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 12:05 «СҮЙГЕН ЖАР» ТХ 12:30 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» ТХ 13:00 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 13:55 «П@УТИНА» 14:20 «СТАНИЦА» Кино 15:15 «ПЕРВЫЕ НОВОСТИ» 15:40 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:45 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:50 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:55 «ЗОЛОТАЯ КЛЕТКА» Мелодрама 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 21:00 «СҮЙГЕН ЖАР» ТХ 21:30 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» ТХ 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:45 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» ТХ 23:35 «П@УТИНА» 0:00 «ВРЕМЯ» 0:30 «Смотрим вместе!» «МАЖОР» 1:45 «П@УТИНА+» 2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:15 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА»

### РОССИЯ 1

05.00, 09.15 «Утро России» 09.00, 11.00, 14.00, 17.00, 17.50, 20.00 Вести 09.55 «О самом главном» 11.35, 14.30, 17.30, 19.35 Местное время. Вести - Москва 11.55 Т/с «Тайны следствия» 14.50, 04.45 Вести. Дежурная часть 15.00 Т/с «Самара» 18.15 «Прямой эфир» 21.00 Т/с «Культь» 22.50 «Поединок» 00.30 «От Петра до Николая. Традиции русских полков». «Таврида. Легенда о золотой колобелы» 02.30 Т/с «Срочно в номер!» 03.30 «Комната смеха»

### ЖҰМА, 19 АҚПАН ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАҢ» 10:00 «Шырғалаң» Тх 10:50 «Әпке» Тх 11:45 «Айтұға оңай...» 12:30 «...Үй болу қиын» 13:00 «БІРГЕ ТАНДАЙМЫЗ!» 14:10 «Келін» Тх 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:05 «Жүрегім сізге аманат» Тх 17:05 «Жан жылуы» 17:30 KAZNEWS 17:55 «Иман айнасы» 18:15 «БАЛАМАН БЕТПЕ-БЕТ» 18:35 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ» Тх 19:30 KAZNEWS 20:15 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:00 «Ұлттық шоу: Роза шақырады» 22:10 «КЕЛІН» Тх 23:05 «Журналисттік зерттеу» 23:30 «СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?» 0:00 KAZNEWS 0:45 «Әпке» Тх 1:25 «Әйел бақыты» 2:15 «Серпiлiс» 3:00 KAZNEWS

### ХАБАР

07:02 «Бұйымтай» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 Тс «Осколки» 11:00 Новости 11:10 «Магия кухни» 11:45 «Сотқа жеткізбей» Дф12:15 Тх «Тракторшының махаббаты» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 Тс «Семейные мелодрамы» 14:05 Тс «Гречанка» 15:00 Новости 15:10 Тх «Сүйген жарым» 16:00 Кешкі жаңалықтар 16:15 «Әмір сабақтары» Дф16:50 «Экономикласс» 17:00 Новости 17:15 Тс «След» 18:00 «Арман қанатында» 18:25 Тх «Пәленшеевтер»

19:15 Тх «Сұрбойдақ» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 Startup Bolashak 21:00 Итоги дня 21:30 Мегахит «Небраска» 23:40 Тс «Перекресток в Астане» 01:10 «Сотқа жеткізбей» Дф01:40 Жаңалықтар

### ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:15 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 «БЕЛЫЕ ВОЛКИ» Кино 11:55 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 12:05 «СҮЙГЕН ЖАР» ТХ 12:30 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» ТХ 13:00 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 13:55 «ЖҰМА УАҒЫЗЫ» 14:10 «П@УТИНА» 14:35 «ПЕРВАЯ ПОМОЩЬ» 15:15 «ПЕРВЫЕ НОВОСТИ» 15:40 Кино «ИСПЫТАТЕЛЬНЫЙ СРОК» 17:40 «ЖДИ МЕНЯ» КАЗАХСТАН 18:40 «АВТОКУШ» 18:50 «ПОЛЕ ЧУДЕС» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 21:00 «СҮЙГЕН ЖАР» ТХ 21:30 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» ТХ 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:45 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» ТХ 23:35 «ТОЧЬ-В-ТОЧЬ» 1:50 «П@УТИНА» 2:10 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 2:50 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 3:30 «МАРЫНА РОЩА»

### РОССИЯ 1

05.00, 09.15 «Утро России» 09.00, 11.00, 14.00, 17.00, 17.50, 20.00 Вести 09.55 «О самом главном» 11.35, 14.30, 17.30, 19.35 Местное время. Вести - Москва 11.55 Т/с «Тайны следствия» 14.50 Вести. Дежурная часть 15.00 Т/с «Самара» 18.15 «Прямой эфир» 21.00 Т/с «Культь» 22.50 Х/ф «Старшая сестра» 02.50 «Сталин и Третий Рим» 03.50 «Комната смеха»

## СЕНБІ, 20 АҚПАН ҚАЗАҚСТАН

7:00 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 8:00 «Айналайын» Тх 8:35 «Агробизнес» 9:00 «СЕНБІЛІК ТАҢ» Отбасылы-танымдық бағдарлама 10:05 «Дауа» 10:35 «Әзіл әлемі» 12:30 «Ас болсын!» 13:15 «ТАБЫС СЫРЫ» 13:30 «Мен Қазақпын» Табылдың Досыматы еске алу кеші 15:40 «Арнайы өкілдер» Тх 18:40 «ӨМІРДІҢ ӨЗІ НОВЕЛЛА» Тх 19:30 KAZNEWS 20:05 «Үздік әндер» 21:00 «ДАРА ЖОЛ» 22:35 «ЖАЙДАРМАҢ» МАУСЫМАШАР-2016 0:05 KAZNEWS 0:40 Кино «Гудзон қаршығасы» 2:15 «Ас болсын!» 3:00 KAZNEWS

### ХАБАР

07:02 «Тамаша» 08:15 «Әсем әуен» 08:30 «Бармысын, бауырым?» 09:15 «Продволпорс» 09:35 «Тур де Хабар» 10:05 Мф «Союз зверей» 11:35 Мс «Динофроз» 12:55 Сказки Братьев Гримм «Синяя свечка» 14:00 «Орталық Хабар» 15:15 «Жеті өн» 16:30 Тх «Алдар көсе» 17:00 Тх «Зәурер» 17:45 Шәмші Қалдаяқовтың «Сағынышым менің» атты концерті 19:50 «Бенефис-шоу» 21:05 «Жеті күн» 22:05 Мегахит «Гаттака» 00:05 Тс «Перекресток в Астане» 01:35 «Сыған серенадасы» поэтикалық-музыкалы драма. Спектакль

### ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «МАРЫНА РОЩА» 8:00 «ТАҢҒЫ ПОШТА» 8:35 «П@УТИНА» 9:00 «ТАБЕТКА» 9:40 Кино «ПРОЩАНИЕ» 11:35 «ФАБРИКА ГРЕЗ» 12:00 «ӘЙЕЛ СЫРЫ...» ның і 13:00 «101 КЕҢЕС» 13:25 «П@УТИНА» 14:25 «ТОЧЬ-В-ТОЧЬ» 16:15 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР, КАЗАХСТАН!» 17:20 Кино «ИЛЛЮЗИЯ СЧАСТЬЯ» 20:00 «ПЕРВАЯ ПРОГРАММА» 21:00 «ИЛЛЮЗИЯ СЧАСТЬЯ» Продолжение 22:00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» 23:10 «СЕНБІЛІК ЖАҢАЛЫҚТАР» 23:50 Кино «КЛИМ» 1:50 «ӘЙЕЛ СЫРЫ...» 2:40 «101 КЕҢЕС» 3:00 «МАРЫНА РОЩА» 4:30 «ТАҢҒЫ ПОШТА»

### РОССИЯ 1

05.00, 09.15 «Утро России» 09.00, 11.00, 14.00 Вести 09.55 «О самом главном» 11.35 Местное время. Вести - Москва 11.55, 14.25 Т/с «Переезд» 20.00 Вести в субботу 21.00 «Петросьян-шоу» 23.00 Х/ф «Васильки» 03.05 «Окающие дни. Иван Бунин» 04.05 «Комната смеха»

## ЖЕКЕСЕНБІ, 21 АҚПАН ҚАЗАҚСТАН

7:00 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 8:30 «Айналайын» Тх 9:00 «Ақсауыт» 9:30 «БҮГІН ЖЕКЕСЕНБІ» 11:05 «САХАТАШЫ ДАРА» М/ф 12:35 «Өмірдің өзі новелла» Тх 13:25 «ЖАРҚЫН БЕИНЕ» 13:55 «Сағындырған әндер-ай» 15:40 «Арнайы өкілдер» Тх 18:30 «Әзіл әлемі» 19:00 МӨНЕРЛЕП СЫРҒАНАУ Төрт күрлық чемпионаты Ерлер Еркін бағдарлама 20:00 «АПТА КЗ» 21:00 «Мәңгілік ел» Г.Тергеубекованың шығармашылық кеші 22:55 «Өмірдің өзі новелла» Тх («Жетім») 23:45 Драма «Қош бол Гүлсары!» 1:30 «Апта Кз» 2:30 «Айналайын» Тх

### ХАБАР

07:02 «Тамаша» 08:30 «Жеті күн» 09:30 «Айбын» 10:00 «Ас арқау» 10:25 Мф «Малыш и Карлсон» 10:45 Мф «Карлсон вернулся» 11:05 Мф «Отважный маленький тостер: путешествие на Марс» 12:15 Сказки Братьев Гримм «Красная шапочка» 13:20 «Бенефис-шоу» 14:35 Мұқағали Мақатаевтың «Соғады жүрек» атты еске алу кеші 16:30 Тх «Алдар көсе» 17:00 Тх «Зәурер» 17:45 «Әсем әуен» 18:30 «Қызық times» 19:45 «Ду-думан» 21:00 «Жеті күн» 22:00 Мегахит «Чикаго» 00:00 Тс «Перекресток в Астане» 01:30 Абай атындағы Қазақтың Мемлекеттік академиялық опера және балет театры Г.Доницетти «Махаббат сусыны» операсы

### ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «МАРЫНА РОЩА» 7:50 «СЕНБІЛІК ЖАҢАЛЫҚТАР» 8:25 «П@УТИНА» 8:45 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ» 9:00 «ЗДОРОВЬЕ» 10:10 «КАЗЛОТО» 10:50 Премьера «ЛЕОНИД КУРАВЛЕВ АФОНЯ И ДРУГИЕ» 12:00 «ӘЙЕЛ СЫРЫ...» ның і 13:00 «101 КЕҢЕС» 13:25 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» 14:30 Праздничный концерт 16:15 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР, КАЗАХСТАН!» 17:20 Кино «ПРАВО НА ЛЮБОВЬ» 21:00 «АНАЛИТИКА» 22:00 «П@УТИНА» 22:55 «ӘН ДАРИЯ» 23:45 Премьера «БЕЗ СТРАХОВКИ» 2:30 «П@УТИНА+» 3:15 «101 КЕҢЕС» 3:35 «ӘН ДАРИЯ» 4:20 «МАРЫНА РОЩА»

### РОССИЯ 1

05.15 Тс «Следствие ведут ЗнаТоКи». «Ушел и не вернулся» 07.30 «Сам себе режиссер» 08.20, 04.05 «Смехоланорам» 08.50 «Утренняя почта» 09.30 «Сто к одному» 10.20 Местное время. Вести - Москва. Неделя в городе 11.00, 14.00 Вести 11.10 «Смеяться разрешается» 12.50, 14.20 Х/ф «Гордиев узел» 17.00 «Один в один. Битва сезонов» 20

| Аптадағы ауа райы               | Уақыт<br>(жергілікті) | 11/02<br>БС | 12/02<br>ЖМ | 13/02<br>СН | 14/02<br>ЖК | 15/02<br>ДС | 16/02<br>СС | 17/02<br>СР |
|---------------------------------|-----------------------|-------------|-------------|-------------|-------------|-------------|-------------|-------------|
| Ауаның температурасы, С°        | 12 с.<br>0 с.         | -5<br>-10   | -8<br>-12   | -8<br>-10   | -9<br>-16   | -14<br>-19  | -14<br>-18  | -13<br>-18  |
| Жауын - шашын (тәулік ішінде)   |                       |             |             |             |             |             |             |             |
| Атмосфералық қысым мм сын. бағ. |                       | 745         | 744         | 744         | 746         | 745         | 751         | 752         |
| Желдің бағыты                   |                       | О-Б         | О-Б         | О           | О-Ш         | Ш           | С-Ш         | О-Б         |
| Желдің шапшаңдығы               |                       | 6           | 3           | 2           | 2-4         | 1-3         | 3           | 2           |

Ескерту: бес және одан артық тәулікке мәліметтердің нақтылығы төмен болып табылады.

Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына - 27 жыл

## АУҒАНСТАН – ЖҮРЕКТЕГІ ЖАРА

Биылғы жылдың 15-ақпанында Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 27 жыл толып отыр. Киелі Айыртау өңірінің Сырымбет ауылынан Отан алдындағы әскери борышын өтеуге аттанған жерлесіміз Талғат Әбілғазин де сол бір отты жылдарда ажал апанынан аман-есен оралған азаматтардың бірі.



Ауылдың басқа балаларыдай Талғат та ауылдағы онжылдық мектепті бітірісімен, туған ауылында кеңшардың бір отар қойын бағудан бастайды. Бақташы бола жүре ол трактордың да тізгініне отырады. Сол жылдарда егіс егу науқанына және жайқалып бітік өскен орақ науқанында да қажымай еңбек

етеді. 18 жасқа толысымен Талғат Әбілғазин әскер қатарына алынады. Ең алдымен жас жауынгер Германия жеріндегі Кеңес әскерлерінің әскери бөліміне түседі. Бір жыл өткен соң өзбек-ауған шекарасына жіберіліп, сол жерден Кеңес армиясының жиынына Ауғанстан жеріндегі оқ пен оттың ортасына барып түседі.

Он сегіз бен жиырманың арасындағы өрімдей-өрімдей жастар ең әуелі алғашқы дайындық жаттығуларынан өтті. «Ауған жері таулы, тасты болып келеді. Жат жердің жазының да ызғарлы болатынын мен сонда алғаш рет байқадым. Күн қаншалықты күйіп тұрғанымен денең тітіркеніп, тұла бойың суықтан қалтырағандай боласың. Уақыт өте келе бұл үрейді де жеңдік. Бізді тау шатқалындағы атыс нүктесіне әкеліп тастады. Міндетіміз – күре жолмен жүретін керуенді күзетіп, душмандардың тұтқиылдан шабуыл жасамауын қамтамасыз ету, – дейді Талғат кешегі отты күндерін қайыра еске түсіріп.

«Душмандар «автобаттарға» ерекше шүйлігетін. Себебі, ішке қарай неғұрлым аз жүк өтсе, соғысып жатқан әскери құрамдардың жағдайлары да соғұрлым әлсірей беретіні оларға да белгілі. Ал сол керуеннің алдында, не соңында келе жатқан қорғаушы жасаққа жау снаряды бірінші түседі. Өйткені, оларды қорғаусыз қалдырса жаншып тастау оңай. Міне, сондай қауіп-қатерге толы сан сапарды бастан өткердік. Сол қатерлі жол арқылы сан мәрте әрі-бері аман-есен өту Жаратқанның саған берген ерекше сыйы болатын. Өкінішке қарай, көп достарымыз сол көпірдің үстінде қалды. ...»

От пен оқтың ортасында жүрген қарулас сәріктерінің қатары күн сайын сиреп, ажалмен әр күні бетпе-бет кездескен сәттер болғандығын бүгінде осылай деп тебірене еске алады Талғат Әбілғазин.

Ауған даласының әр күні қауіп-қатерге толы еді. Жан-жағыңды қоршаған тау мен шатқал душмандардың алынбас қорғаң қамалы болатын. Олар кез келген сәтте

жер астынан шыққандай болып тарпа бас салатын да, тоз-тозыңды шығаратын. Осындай қауіптен қорғанған басшылар Талғат Әбілғазин қызмет ететін батальонды қорғаудың жаңаша тәсілін ойлап тапты. Олар жау тұтқиылдан тап береді-ау деген тұстарға блок-посттар қойды. Олардың ара қашықтығы да шалғай еді. Егер бір блок-постқа шабуыл бола қалса, екіншісінен көмек келем дегенше сау тамтығың қалары екі талай. Ал бекеттегі жауынгерлердің саны бес-алты адамнан ғана.

– Бірде батальонның негізгі күші рейдке кетті де, мұнда санаулы жасақтар ғана қалған еді. Басым көпшілігі офицерлер болатын. Осыны білген душмандар бізге шабуыл жасады. Тау-тасты бекініс етіп алған олар жоғарыдан оқты жаңбырша жаудырып, снарядты бұршақша боратып жатыр. Бас көтертер емес. Әрине, біз де қарап қалмадық. Ентелеген душмандардың бетін қайтарып жатырмыз. Біздің өлермең, жанкештілігімізді байқаған жау жағы да шабуылды азайтты. Сондай бір қаға берісте штабтан келген бір полковник «Сендер неге жау снарядтарын батальонның бекінісіне өткізіп жатырсыңдар. Бәріңді трибуналға беремін», деп күш көрсетпесі бар ма. Онсыз да шыдамымыз шекте тұр еді. Біз де дүрсе қоя бердік. «Біз снарядтарды қағып алатын қақпашы емеспіз. Душмандарды бері өткізбедік. Оның өзі үлкен жұмыс. Штабтағылардың бәрін қорғау міндетіміз емес шығар» дедік.

Айтуын айтып қалсақ та «осының соңы не болар екен?» деп қорқып қалдық. Әйтсе де, полковник ер мінезді екен. Біздің жоқтан бар жасап, жаудың бетін қайтарып тұрғанымызды сөзді де бұл әңгімені өршітпеді. Кейін басшылар келгенде біздің душмандардың кезекті шабуылын тойтарғанымызды айтты. Қолбасшылар бізге алғыс жариялады.

Иә, ол кезде бастықтардан алған ауызша алғыстың өзі үлкен марапатпен бірдей еді ғой, – деп еске алады сол бір қаһарлы күндерді Талғат.

Талғат Әбілғазин Отан алдындағы әскери борышын 1981 жылы өтеп, сол жылдың қоңыр күзінде туған еліне аман-есен оралады. Сұрапыл жылдарды артта қалдырған Талғат Целиноград ауыл шаруашылығы институтына түсіп, мал дәрігері мамандығы бойынша аталмыш оқу орнын ойдағыдай бітіреді. Қолына «мал дәрігері» маманы бойынша диплом алысымен туған ауылында мал дәрігері болып қызмет жолын бастайды. Жылдар өте келе кейіпкеріміз қажырлы еңбегінің арқасында жоғары бағаланып, Ауыл шаруашылығы министрлігінде қызмет істейді. Қазір Ауған соғысының ардагері Астан қаласында Республикалық мал дәрігерлік зертхананың бөлімін басқарады.

Қанды жылдарда қызмет еткен кездерде Талғат Әбілғазин талай ерліктері үшін «Ерлігі үшін», «II дәрежелі Даңқ» ордендерімен, талай медальдармен марапатталған.

Ауған соғысының ардагерлері айтқан әрбір әңгіменің өзі бір-бір шығармаға арқау болары сөзсіз. Осындай интернационалис-жауынгерлеріміз біздің Сырымбет ауылындағы мектептен түлеп ұшқан Болатбек Бекенов, Серік Дүйсенбинов, Амангелді Құсайынов сынды азаматтарымызбен мақтан етеміз. Біз олар жайлы әлі де талай толғайтын боламыз.

**Мейрам ТӨЛЕУОВ,**  
**Сырымбет ОМ-нің АӘД пәнінің**  
**ұйымдастырушы-мұғалімі.**

### Акция

## Мектептегі қайырымдылық шарасы

Жыл сайын біздің мектебімізде 10 қаңтар мен 10 ақпан аралығында «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы өткізіледі. Биылғы жылы осы үрдіс жалғасын тауып, аталмыш мерзім ішінде ұйымдастырылды.

Осы айлық барысында мектебімізде тұрмысы төмен және көпбалалы отбасылардан шыққан балаларға мектеп ұстаздары тарапынан қайырымдылық көмектері көрсетілді. Биылғы оқу жылының түлектері Данияр Қамзенов пен Самғат Үркімбаевтарға мектебіміздің ұстаздары Әлеңовтар отбасы жоғарыдағы аталған балаларды мектеп формаларымен қамтамасыз етті.

Аталмыш акция айналасындағыларға мейірім төгіп, жәрдем қолын ұсынатындардың әлі де бар екендігін айқындайды.

Адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіріп өскен жас ұрпақ та келешекте өзгелерге қамқор болуды үйренеді.



**Кенжебай АЙТМАҒАМБЕТОВ,**  
**Бірлестік ОМ-нің әлеуметтік ұстазы.**

## Құттықтаймыз!



Сырымбет тауының баурайындағы Шолақөзек ауылының тумасы, ауыл мектебінің ұстазы, ардақты әкеміз **Қажымұрат Әділбекұлын** 12 ақпанда 60 жасқа толу мерейтойымен құттықтаймыз!

**Қайырлы болсын, әке, алпысыңыз, Алағе басын қашанда жалпы ісіңіз. Жүзге жет денсаулығың мықты болып, Міне, осы, өзіңе айтар алғысымыз!**  
Игі тілекпен: зайыбы Шолпан, балалары Хамзат, Архат, қызы Фаризат және немересі Фибрат пен келіні Әлия.

### Қайырымдылық

## Жүректен жүрекке



**«Жылы жүрек - жомарт қол» дегендей, Саумалкөл қазақ орта мектебінде жыл сайын «Қамқорлық» акциясы өтеді.**

Ондағы мақсат - әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы балаларына және басқа санаттағы балаларға қайырымдылық жасау. Біздің мектебімізде әкімшілік пен ұстаздар арасындағы қалыптасқан үрдіс. Биылда киім көшек, оқу құралдарымен көмек бердік. Мектеп асханасында аз қамтылған отбасы және көпбалалы отбасыларының балалары, жетім балаларға тегін тамақтану жүзеге асқан.

Мектебімізде «Қамқорлық» ақпараттық бұрышы ұйымдастырылған. Қазіргі таңда ХХІ ғасырда еңбек етіп, тірлік жасағандардың жағдайы жақсы болады. Бір – бірімізге қол ұшын беруден жалықпайық.

**Жамал ТАҚАУОВА,**  
**Саумалкөл қазақ ОМ-нің**  
**әлеуметтік ұстазы.**

### Тағзым

## Тіршілікте қырандарша самғаған



**«Төзім шіркін болмаса да темірден,**

**Еш өкінбей өту үшін өмірден», - деп өмірден өткен Шүкірлік негізі мектебінің ұлағатты ұстаз, директор Абиқеев Маулет Қайдарұлын осы жылдың желтоқсанның бесінші жұлдызында ақтық сапарға шығарып салдық.**

**«Тағы да өлген соң іздеп, Өлген соң жоқтап біз қалдық, Марқұм деуге қам көңіл қимайды», - деп Шүкірлік ауылының азаматы, мұғалім, еліне еңбегі сіңген, халқының қалаулы ері Әбікеев Маулет Қайдарұлы туралы естелікті жазуға бел будық.**

Маулет Қайдарұлы 1956 жылы екінші қаңтарда бұрынғы Көкшетау облысы, Володар ауданы, Шүкірлік ауылында дүниеге келген. Шүкірлік ауылында 4 кластық білім алып, 5,6-сыныпты Көкшетау мектеп-интернатында оқыды. Белгілі бір жағдайлармен 7 және 8-сыныпты Володар ауданына қарасты Кутузовқа оқып бітіргеннен кейін, СПТУ-ға оқуға барып, электр жабдығының слесарь мамандығы бойынша 4-разрядпен бітіреді. Еңбек жолын ПМК-да электр жабдығының слесары болып жұмыс істейді. Одан кейін Целиноград инженер-құрылысшы институтына оқуға түсіп, оны тамамдаған соң Степняк қаласында үш жыл автопарктың инженер-меңгерушісі болып жұмыс атқарды. Володар ауданына келіп жүргізуші-нұсқаушы болып жұмыс істейді.

1994 жылы «Туған елім – алтыным» деп өзінің еліне келіп, Шүкірлік негізгі мектебінде физика және математика пәнінің мұғалімі болып тағайындалады.

1997 жылдан бастап Шүкірлік негізгі мектебінде директор қызметін атқарады. Содан бері жиырма жылдан астам уақыт өтті. «Адамға Алла өмірді аманатқа берген, сол аманатқа қиянат жасауға болмайды» - деп өз балаларың, өз шәкірттерің адалдыққа тәрбиелеген, жан дүниесі таза, ойы адал, парасаты терең азамат еді.

Бізге әр уақытта «Адамға қандай жағдай болса да жақсылық жасандар, сендер сол арқылы өздеріңнің жоғары болатын сатыларыңды қалайсыңдар», - деп үйретіп, ақылын айтатын. Маулет Қайдарұлының мақтанышпен айтатын шәкірттері де бар. Ысмағұлов Сейілхан, Исakov Серғали, Байгереева Самал, Закирьянов Қайыргелді, Мағыпаров Мейірхан, Қабыкенов Әділхан, сондай-ақ өзінің жолын қуған Төребеков Назар және Даурен, Исина Гүлнұр атты ұл-қыздарын атауға болады.

«Атаңның ұлы болма, еліңнің ұлы бол», - деп Абай атамыз айтқандай, Маулет Қайдарұлы елдің баласы болып, әр нәрсені орынды, ұқыпты, тиянақты істей білді. Ұрпақтан ұрпаққа ауысып отыратын ізгілік, адамгершілік, үлкенді құрметтеу қасиеттерін осы кісінің бойынан көреміз.

Маулет Қайдарұлы көп жылғы еңбегінің арқасында облыстық, аудандық білім бөлімі мен департаменттің көптеген Алғыс хаттарымен, дипломдармен және мадақтамалармен марапатталды.

**Шүкірлік негізгі мектебінің ұжымы.**

### САТЫЛАДЫ

\* Семіртүлі тұрған құнан сатамын.  
Қаратал ауылы. тел: 52-509.

(2-2).

Меншік иесі және басып шығарушысы  
«Айыртау-Информ» ЖШС-і.  
Газет аудан әкімінің, аудандық  
мәслихаттың тапсырысы бойынша  
басып шығарылады және мемлекеттік  
ақпараттық саясатты жүргізуде ресми  
басылым болып табылады.

**Директор, баспаның бас редакторы**  
**Ирина БУРКОВСКАЯ**  
Редактор  
**Бағлан ҚОЖАҚОВ**

Редакцияның адресі: Солтүстік Қазақстан облысы, Саумалкөл селосы,  
Конституция көшесі, 72. Телефон 21-4-85, эл пошта:airtau\_tany@mail.ru

Тілші  
**Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА**  
Басушы-теруші  
**Елена НЕСВЕТЕЕВА**

Газет Петропавл қ., Мүсірепов көшесі 34 В үйдегі «Газетный двор» ЖШС-і баспасында басылған.